Четвертый и пятый поход были проведены не столько для окончательного подавления корейского самоуправления, а преимущественно имели целью дальнейшего разграбления страны и основания на ее территории ряда опорных пунктов, помогавших при подавлении восстаний. Кроме того, корейская территория служила удобной базой для подготовки наступления на Японские острова. При пятом походе, монголы согласились прекратить боевые действия и снять осаду со столицы, при условии проявления полной покорности. Корейское правительство, более не располагая полевой армией было вынуждено согласиться и на эти требования. Также корейский правитель согласился перенести столицу в указанное монголами местность и послал одного из своих сыновей, принца Ан Гёнгона, в Монголию в качестве заложника, после чего монголы вывели свои войска.

Хубилай, новый каган империи, достаточно дружелюбно встретил корейских посланников, имея ввиду, что война с Китаем еще была не окончена и наверняка надеясь на дальнейший нейтралитет Кореи. Хубилай шел на встречу многим пожеланиям корейцев и отказался от самых одиозных требований, предложив в ответ признать вассальную присягу.

Переговоры с новым монгольским правителем Хубилаем были дружественными. Хубилай отказался от многих монгольских притязаний в Корее, предложив в ответ признать сюзеренитет Монголии. Наследник престола согласился с предложенными условиями, и в период его пребывания в Монголии он узнал, что его отец скончался. Вернувшись в Корею, он занял престол и получил впоследствии храмовое имя Вончжон (1259-1274). Его правление и сама личность правителя достаточно неоднозначно воспринимаются в истории страны.

Монгольским дарухати (постоянным комиссарам Монголии) при дворе Корё предлагали провизию, и иногда они также были готовы активно участвовать в делах двора Корё. Часть острова Чеджу была превращена в пастбища для дислоцированной там монгольской кавалерии. Даже сегодня на острове Чеджу используется несколько монгольских слов. Кроме того, монгольское господство в Евразии способствовало культурному обмену, который включал, например, передачу некоторых корейских идей и технологий в другие районы, находящиеся под контролем монголов.

Династия Корё выжила под влиянием монгольской династии Юань, пока она не начала вытеснять монгольские гарнизоны, начиная с 1350-х годов, когда династия Юань уже начала рушиться, страдая от массовых восстаний в Китае. Воспользовавшись этой возможностью, король Корё Гонмин также смог вернуть себе некоторые северные территории.

Прекращение монгольских походов в страну безусловно способствовало поднятию экономики, а снижение зависимости от армейских генералов способствовало нарастанию

центростремительных процессов в государстве, в результате чего происходит укрепление верховной власти и роста ее авторитета.

Заключение

Несмотря на тяжелые последствия монгольского завоевания, Корея довольно быстро оправилась от него и смогла в полной мере воспользоваться открытием трансконтинентальной артерией. Корея и ее товары стали известны далеко за ее пределами и стали своего рода ее визитной карточкой. К последствиям можно отнести и значительный рост самостоятельности сильных кланов, вследствие чего начался процесс разложения прежних связей в традиционных обществах. Хотя этот процесс не завершился за период монгольского господства, но начавшийся процесс юридического оформления сложившихся классов впоследствии привел сначала к консервации сложившихся отношений, а затем и к заметному отставанию от мирового прогресса.

Негативной стороной этого процесса являлась фактическая зависимость Кореи от монголов, а регулярная дань стала тяжелым грузом и препятствовала дальнейшему развитию страны. Крайняя степень зависимости проявлялась в заключении многочисленных договоров и родственных браков, а так как монгольские принцессы часто становились женами корейских властителей, то монголы зачастую вмешивались в прямое управление государством. Корея также стала участником внешнеполитических авантюр Монгольской империи, в том числе и подготовки нападения на Японию. Сказался на внешнеполитическом положении корейского двора и разрыв дипломатических отношений с китайскими владыками на юге. Несмотря на сравнительно тяжелое положение, Корея смогла сохранить свою автономию, став при этом одной из отправных точек во всемирной торговой сети того времени – Великого Шелкового пути, что положительно сказалось на поднятия ремесленного производства и авторитета Кореи.

Литература:

1. Курбанов О.С. История Кореи с древности до начала XXI века. – Санкт-Петербург: Издательство: Санкт-Петербургского университета, 2009.
2. Пак М.Н. Поход монголов в Корею в 1231-1232 гг. и его последствия. Татаро-монголы в Азии и Европе. – Москва, 1977.
3. Хенторн Уильям Э. Корея: монгольские нашествия. – Издательство: Калифорнийского университета, 1963.
4. Baker D. Histories and Counter-Histories: Writing the History of the Korean People, in the Past, the Present, and the Future // Don Baker's Site. Korean history and religion. Electronic data. [S.l.], 2011 // URL: http://ubcdbaker.shawwebpace.ca/asset/view/5653/histories_counterhistories.pdf (access date: 28.12.2023).
5. Breuker R. E. Writing History in Koryo // Korean Histories. 2010. Vol. 2, № 1.
6. Miller O. Marxism and East Asian History from Eurocentrism and Nationalism to Marxist Universalism // Marxism 21. 2010. Vol. 7, № 2
7. Miller O. The Idea of Stagnation in Korean Historiography: from Fukuda Tokuzo to the New Right // Korean Histories. 2010. Vol. 2, № 1.
8. Wells K.M. The Nation, the World, and the Dissolution of the Shin'ganhoe: Nationalist Historiography in South Korea // Korean Studies. 2001. Vol. 25, № 2.
9. Курбанов С.О. История Кореи: с древности до начала XXI в. Санкт-Петербург, 2009.
10. Толстокулаков И.А. Культура государства Чосон // Корё сарам: записки о корейцах, 2010 // URL: <http://kore-saram.ru/kultura-gosudarstva-coson> (дата обращения: 11.03.2024).

11. Симбирцева Т.М. Средневековые летописи Кореи: новое прочтение в эпоху глобализации // Корё сарам: записки о корейцах, 2009 // URL: <http://kore-saram.ru/Articles/ArticleInfo.aspx?Id=c78df96f-5064-415d-9bf7-23d4e0b582d3> (дата обращения: 11.03.2024).

12. Курбанов С.О. Биография конфуцианцев в неофициальной истории династии Корё «Мокчэ касук хвичхан ёса» // Российское корееведение: альманах. Москва, 2003. Вып. 3.

13. Троцевич А.Ф. Рукописные собрания «неофициальных историй» (яса) в библиотеке Восточного факультета Санкт-Петербургского государственного университета // Российское корееведение: альманах. Москва, 2001. Вып. 2.

14. Тихонов В.М. Фрагменты из «Карак-кукки» (к вопросу о «северном» и «южном» компонентах в этногенезе корейцев) // Российское корееведение: альманах. М., 2003. Вып. 3.

References:

1. Kurbanov O.S. Istoriya Korei s drevnosti do nachala XXI veka [History of Korea from ancient times to the beginning of the 21st century]. – Sankt-Peterburg: Izdatelstvo: Sankt-Peterburgskogo universiteta, 2009. (rus)

2. Pak M.N. Pohod mongolov v Koreyu v 1231-1232 gg. i ego posledstviya. Tataro-mongoly v Azii i Evrope. – Moskva, 1977. (rus)

3. Hentorn Uilyam E. Koreya: mongolskie nashestviya. – Izdatelstvo: Kalifornijskogo universiteta, 1963. (rus)

4. Baker D. Histories and Counter-Histories: Writing the History of the Korean People, in the Past, the Present, and the Future // Don Baker's Site. Korean history and religion. Electronic data. [S.l.], 2011 // URL: http://ubcdbaker.shawwebspace.ca/asset/view/5653/histories_counterhistories.pdf (access date: 28.12.2023). (eng)

5. Breuker R. E. Writing History in Koryo // Korean Histories. 2010. Vol. 2, № 1. (eng)

6. Miller O. Marxism and East Asian History from Eurocentrism and Nationalism to Marxist Universalism // Marxism 21. 2010. Vol. 7, № 2 (eng)

7. Miller O. The Idea of Stagnation in Korean Historiography: from Fukuda Tokuzo to the New Right // Korean Histories. 2010. Vol. 2, № 1. (eng)

8. Wells K.M. The Nation, the World, and the Dissolution of the Shin'ganhoe: Nationalist Historiography in South Korea // Korean Studies. 2001. Vol. 25, № 2. (eng)

Kurbanov S.O. Istoriya Korei: s drevnosti do nachala XXI v. Sankt-Peterburg, 2009. (rus)

9 Kurbanov S.O. Istoriya Korei: s drevnosti do nachala XXI v. Sankt-Peterburg, 2009. (rus)

10. Tolstokulakov I.A. Kultura gosudarstva Choson [Culture of the Joseon Dynasty] // Koryo saram: zapiski o korejcah, 2010 // URL: <http://kore-saram.ru/kultura-gosudarstva-coson> (data obrasheniya: 11.03.2024). (rus)

11. Simbirceva T.M. Srednevekovye letopisi Korei: novoe prochtenie v epohu globalizacii [Medieval Chronicles of Korea: New Reading in the Age of Globalization] // Koryo saram : zapiski o korejcah, 2009 // URL: <http://kore-saram.ru/Articles/ArticleInfo.aspx?Id=c78df96f-5064-415d-9bf7-23d4e0b582d3> (data obrasheniya: 11.03.2024). (rus)

12. Kurbanov S.O. Biografiya konfuciancev v neoficialnoj istorii dinastii Koryo «Mokche kasuk hvichhan yosa» // Rossijskoe koreev[History of Korea from ancient times to the beginning of the 21st century]jedenie: almanah. Moskva, 2003. Vyp. 3. (rus)

13. Trocevich A.F. Rukopisnye sobraniya «neoficialnyh istorij» (yasa) v biblioteke Vostochnogo fakulteta Sankt-Peterburgskogo gosudarstvennogo universiteta [Biography of the Confucians in the unofficial history of the Goryeo dynasty “Mokche kasuk hwichan yosa] // Rossijskoe koreevedenie: almanah. - Moskva, 2001. Vyp. 2. (rus)

14. Tihonov V.M. Fragmenty iz «Karak-kukki» (k voprosu o «severnom» i «yuzhnom» komponentah v etnogeneze korejcev) [Fragments from “Karak-kukki” (on the issue of “northern” and “southern” components in the ethnogenesis of Koreans)] // Rossijskoe koreevedenie: almanah. M., 2003. Vyp. 3(rus)

¹Ужкенов Е.М. ²Табынбаева З.С.

^{1,2} Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты,
Алматы, Қазақстан,
E-mail: ¹e81g@mail.ru, ²z.tab@list.ru

МОҢҒОЛ ИМПЕРИЯСЫ ЖӘНЕ КОРЕЯ: СОҒЫСТАН ВАССАЛИЕТКЕ ДЕЙІН

Аңдатпа. Мақаланың мақсаты – әскери қақтығыстар кезеңінен бастап, вассалдық тәуелділікке дейінгі Моңғол империясы мен Корея мемлекеті арасындағы күрделі қарым-қатынастарға тереңінен талдау жасау. Зерттеу осы қатынастардың барысы мен тарихи маңызын анықтайтын өзекті факторларды айқындауға бағытталған. Зерттеудің жаңалығы моңғолдардың Кореяға жасаған көптеген жорықтары және Кореяның қарсылық көрсетуіне терең талдауда. Зерттеудің негізгі бағыты – осы оқиғалардың аймақтың тарихи динамикасына және тұтас қоғамның дамуына әсерін зерделеу. Қиыр Шығыс пен Кореяның көшпелілері арасындағы дипломатиялық және сауда қатынастарын, сондай-ақ, дәстүрлі сюзерен ретіндегі Корея тағдырындағы Қытайдың рөлін талдауға ерекше көңіл бөлінген. Мақала сол бір қиын замандарға қарамастан, Корея өзінің автономдығын сақтап, Ұлы Жібек жолында негізгі түйін болды, оның өзі қолөнер өндірісінің дамуы мен оның беделінің өсуіне себепші болғандығын атап өтеді. Мақала біздің Солтүстік-Шығыс Азия өңіріндегі күрделі қарым-қатынастар жайлы түсінігімізді байыта отырып, тарих ғылымына маңызды үлесін қосады. Мақаланың практикалық маңызы – оның нәтижелерін заманауи геосаяси процестерді тереңірек талдауда қолдану мүмкіндігінде. Зерттеу әдістемесіне деректерді түсіндіруде аналитикалық тәсіл және тарихи оқиғаларды салыстырмалы талдау кіреді. Авторлар елдегі саяси және әлеуметтік ахуалдың нашарлау себебінің бірі болған мобилизациялау жүйесіндегі өзгерістерге назар аударып, Корея мемлекетінің әскери жүйесіне кландық жүйенің күйреуі мен орталық билік дағдарысының әсерін талдайды. Зерттеу нәтижесінде, Моңғол империясы мен Корея мемлекеті арасындағы қарым-қатынастардың барысын белгілейтін өзекті факторлар айқындалды. Жасалған талдау екі халық пен тұтас аймақтың тарихи траекториясының қалыптасуына себепші болған осы оқиғалардың маңызы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: Моңғол империясы, Корея, орта ғасырлар, әскери жорықтар, Қиыр Шығыс, көтерілістер, дағдарыс.

¹Uzhkenov E.M. ²Tabynbayeva Z.S.

R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: ¹e81g@mail.ru, ²z.tab@list.ru

THE MONGOL EMPIRE AND KOREA: FROM WAR TO VASSALAGE

Abstract. The purpose of the article is an in-depth analysis of the complex relationship between the Mongolian Empire and the Korean state from the period of military conflicts to the establishment of vassalage. The research is aimed at identifying the key factors determining the course and historical significance of these relations. The novelty of the study lies in an in-depth analysis of the numerous Mongol campaigns against Korea and the resistance of Korea. The main

direction of the research is to study the impact of these events on the historical dynamics of the region and the development of society as a whole. Special attention is paid to the analysis of diplomatic and trade relations between the nomads of the Far East and Korea, as well as China's role in the fate of Korea as a traditional overlord. Despite the difficult times, the article emphasizes that Korea was able to maintain its autonomy and become a key hub on the Great Silk Road, which contributed to the development of handicraft production and increased its authority. The article represents an important contribution to historical science, enriching our understanding of the complex relationships in the Northeast Asian region. The practical significance of the article lies in the possibility of applying its results to a deeper analysis of modern geopolitical processes. The research methodology includes an analytical approach to data interpretation and a comparative analysis of historical events. The authors analyze the impact of the collapse of the clan system and the crisis of the central government on the military system of the Korean state, paying attention to changes in the mobilization system, which turned out to be one of the reasons for the deterioration of the political and social situation in the country. As a result of the research, the key factors determining the course of relations between the Mongolian Empire and the Korean state have been identified. The analysis allows us to conclude that these events are important for shaping the historical trajectory of both peoples and the region as a whole.

Key words: The Mongol Empire, Korea, the Middle Ages, military campaigns, the Far East, uprisings, crisis.

Сведения об авторах:

Ужкенов Ернар Муратович, к.и.н., ведущий научный сотрудник, Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова КН МНВО РК, Алматы, Казахстан.

Табынбаева Зауре Сыздыковна, к.и.н., ведущий научный сотрудник, Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова КН МНВО РК, Алматы, Казахстан.

Авторлар туралы мәлімет:

Ужкенов Ернар Мұратұлы, т.ғ.к., жетекші ғылыми қызметкер, ҚР ҒЖБМ ҒК Р.Б. Сулейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан.

Табынбаева Зәуре Сыздыққызы, т.ғ.к., жетекші ғылыми қызметкер, ҚР ҒЖБМ ҒК Р.Б. Сулейменов атындағы Шығыстану институты. Алматы, Қазақстан.

Information about authors:

Uzhkenov Ernar Muratovich, Senior Research, Candidate of Historical Sciences, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies SC MSHE RK, Almaty, Kazakhstan.

Tabynbayeva Zauere Syzdykovna, Senior Research, Candidate of Historical Sciences, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies SC MSHE RK, Almaty, Kazakhstan.

*Келіп түсті 28 желтоқсан 2023 жыл
Қабылданды 25 ақпан 2024 жыл*

Каримова З.К.



«Тұран» университеті, Алматы, Қазақстан,
E-mail: vostok_karimova@mail.ru

ТҮРКІ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ ОСМАН ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚАШҒАРИЯДАҒЫ ПРОТЕКТОРАТЫ ЖӨНІНДЕ (XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ)

Аңдатпа. Мақалада XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қашғарияда құрылған Йақұп бек мемлекетінің Осман империясы мен қарым-қатынастары шығыстүркістандық тарихшылар еңбектеріндегі мәліметтер негізінде зерттеледі. Зерттеу жұмысының басты мақсаты – Осман империясының Қашғария және оған көршілес аймақтармен (Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан т.б.) байланыстары туралы маңызды да құнды деректерді қамтыған шығыстүркістандық тарихшылардың мәліметтеріне деректанулық, мәтіндік талдау жасау негізінде жан-жақты зерттеу болып табылады. Зерттеу түркі дерек көздерінің мәліметтерін мұрағат материалдары, сондай-ақ арнайы ғылыми әдебиеттер деректерімен салыстырмалы талдау жасау барысында қалыптасқан тұжырымдарға негізделген. Мақаланы дайындау барысында, сонымен қатар, келтірілген ақпараттардың толықтығы мен шындыққа жақындығын анықтау үшін деректанудың тарихи-салыстырмалы, аналитикалық талдау, жинақтау, қорыту әдістері басшылыққа алынып, мұрағат қорларында сақталған Осман және Ресей империясы биліктерінің іс жүргізу құжаттары жергілікті тарихшылардың мәліметтерімен салыстырылады. Екі мемлекеттің қарым-қатынастары Ұлы державалардың Орталық Азияға қатысты ұстанған «Үлкен ойын» саясатының контекстінде жүргізілгенін байқауға болады.

Қорыта айтқанда, осы кезде өмір сүріп, шығармашылықпен айналысқан жергілікті тарихшылардың шығармаларында Жетішар мемлекеті мен Осман сұлтандығы ортасындағы байланыстарға қатысты деректер жиі кездеседі. Бұл оқиғалар авторлар тарапынан зор ықыласпен баяндалады. Ғасырлар бойы бір-біріне үлкен сенім және үміт артқан діні бір, тілі бір түркі тілді халықтардың бірлігі тарихшылар еңбектерінде де өз көрінісін тапқан.

Түйін сөздер: дереккөз, түркі деректемелері, Орталық Азия, Осман империясы, Жетішар мемлекеті, қарым-қатынас, тарих.

Кіріспе

Шығыс Түркістан аймағындағы түрлі тарихи оқиғалар ежелден-ақ көптеген елдердің зерттеушілерін қызықтырып келген. Бүгінгі таңда Орталық Азияда, оның ажырамас бөлігі болған Шығыс Түркістанда қалыптасқан саяси-әлеуметтік ахуал өңірде өмір сүрген халықтардың тарихы, олардың өзара қарым-қатынастары, мәдениетімен байланысты мәселелерді терең зерттеуді талап етеді. Бұл халықтардың тарихын шынайы дереккөздер мен құжаттар негізінде зерттеу ұлтаралық қатынастарды жақсартуға мүмкіндік тудырады.

XIX ғасырдың екінші жартысында Орталық Азияда қалыптасқан саяси-экономикалық ахуал шығыстүркістандық тарихнама өкілдерінің араб жазуында жазылған тарихи еңбектерінде кең түрде сипатталған. Олардың көпшілігі әлемнің сирек қолжазба қорларында сақтаулы және кейбіреулері үстіртін зерттелген болса да («Рисала-йи Йа‘құб-бек», «Тарих-и Қашғар», «Тарих-и Хотан»), мүлдем зерттеу жұмыстары жүргізілмеген («Бадаулет-наме», «Джам‘ ат-тауарих», «Тарих-и Йа‘құб-бек» ж.б.) дереккөздер де бар.

Танымал деректанушы ғалым Т.И. Сұлтанов бұл жазба дереккөздерді араб-парсы, түркі тілдерінде жазылған шығыстық тарихи шығармалардың шығыстүркістандық тобына жатқызады [1].

Шығу тегі Шығыс Түркістандық авторлардың тарихи шығармалары негізінен XIX ғасырдың екінші жартысында аймақта болған тарихи оқиғаларға арналған. Алайда, дереккөздерде сонымен қатар, көршілес өңірлер – жалпы Орталық Азия, оның ішінде Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан тарихына қатысты құнды және тың мәліметтер де қамтылады.

Осындай тарихи дерек көздердің бірі – Молла Мұса Сайрамидің «Тарих-и амнийа» еңбегі. Шығармада негізінен XIX ғасырдың екінші жартысындағы Шығыс Түркістанның саяси-әлеуметтік тарихы баяндалған. Дереккөзде, сонымен қатар, Қазақстанның ортағасырлық қалаларының тарихы, Ресей патшалығының Қазақстан мен Орта Азияны басып алуы, Хиуа және Қоқан хандықтарының оңтүстік Қазақстандағы билігіне қатысты құнды мәліметтер де бар.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмысы түркі дерек көздерінің мәліметтерін мұрағат материалдары, сондай-ақ арнайы ғылыми әдебиеттер деректерімен салыстырмалы талдау жасау барысында қалыптасқан тұжырымдарға негізделген. Мақаланы дайындау барысында, сонымен қатар, келтірілген ақпараттардың толықтығы мен шындыққа жақындығын анықтау үшін деректанудың тарихи-салыстырмалы, аналитикалық талдау, жинақтау, қорыту әдістері басшылыққа алынып, мұрағат қорларында сақталған Осман және Ресей империясы биліктерінің іс жүргізу құжаттары жергілікті тарихшылардың мәліметтерімен салыстырылады.

Талқылау

Ғылыми құндылығының жоғары болуына қарамастан «Тарих-и амнийа», «Рисала-йи Йа‘құб-бек», «Тарих-и Қашғар», «Тарих-и Хотан» дерек көздерінің мәліметтері осы күнге дейін толық деректанулық талдаудан өткізілмеді. Оның есесіне деректанушылар тарапынан берілген қысқаша түсініктемелер мен дерек көздің мәліметтерін жеке тақырыптарды зерттеу барысында пайдаланған зерттеушілер баршылық.

Зерттелетін тақырыпқа қатысты отандық және шетелдік зерттеушілердің бірқатар ғылыми еңбектері арналған. Орталық Азия аймағы және оның көршілерінің халықаралық қатынастарын Б.П. Гуревич, В.А. Моисеев, А.Л. Нарочницкийлер зерттеген.

Н.Б. Байкова, Н.А. Халфин, М. Басханов, В.Ф. Шахматовтардың еңбектерінде ағылшын-қашғар қарым-қатынастары аясындағы Осман империясы мен Йақұб-бек әкімшілігінің байланыстары зерттелсе, А.Д.Васильев, М. Saray, Тьерри Зеркони, Ю.Г. Баранова, Д. Исиев, Ким Ходонгтың зерттеулерінде Осман империясының Орталық Азия аймағындағы ықпалы мен саясаты жан-жақты талданады.

XIX ғасырдың екінші жартысында Шығыс Түркістанда болған оқиғалар кең түрде сипатталған дереккөздердің бірі – Молла Мұса Сайрамидың «Тарих-и амнийа» қол жазбасы. «Тарих-и амнийада» Мұса Сайрами Жетішар билеушісі Йақұб-бектің Осман империясымен орнатқан қарым-қатынастарына аса мән береді және шығарманың екінші дастанындағы бір бөлім толығымен Жетішар мемлекетінің Осман империясымен байланыстарына арналған.

Мұса Сайрамидың айтуынша, 1867 жылы Йақұб-бек Аталық-ғазы Шығыс Түркістанның оңтүстігінде ішкі жағдайды ретке келтіргеннен кейін, өзі құрған жас мемлекеттің қауіпсіздігі мен әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы ойланады. Ол көрші мемлекеттермен бірге, болашақта Қашғарияға қауіп төнген жағдайда, көмек қолын береді деп үміт артқан ірі мемлекеттермен жақын байланыс орнатудың жолдарын іздейді. «Тарих-и амнийада» баяндалуына қарағанда, Йақұб-бек кімнен көмек сұрауды білмей, дал болып отырған күндерінде ташкенттік Саййид Йақұб хан Төре Қашғарға келеді. Ол екі рет Ыстанбұл қалсы арқылы қажылыққа барып келген [2, 166 п.].

Йақұб-бек туралы ақпарат алғаш рет Ыстанбұлға 1866 жылдары жетіп, Ыстанбұлдағы Қоқан хандығының елшісі Саййид Йақұб хан Төре Йақұб-бектің ниетін жеткізіп, оған Осман орденін табыстауға өтініш білдірген кезден бастап, Осман билеушілеріне Йақұб-бектің есімі белгілі бола бастады. Алайда өтініш қабылданбай, аяқсыз қалды [3, 105 б.].

Дегенмен Саййид Йақұб хан Төре бас уәзірдің жеке қабылдауында болып, оған Шығыс Түркістандағы жағдайлар туралы, Йақұб-бектің тәуелсіз мұсылман мемлекетінің негізін салғандығы жайлы айтып берді. Әйгілі мұсылман отбасыларының шығу тегін зерттеуге қызығатын бас уәзір Мехмед Рушти-паша қуанғандығын жасырмай, осы тақырыпқа қатысты ақпараттарды өзіне толық айтып беруін өтінеді [4, 22 б.].

Кейбір мамандар Йақұб-бектің Саййид Йақұб хан Төренің жиені деп көрсетеді. Анығырақ айтқанда, Саййид Йақұб хан Төре Қоқан хандығының ірі ақсүйегі Нар Мұхаммед ханның ұлы екендігін, Аталық ғазидың үлкен әпкесінен туылғанын айтады [5, 162 б.]. Ол 1865 жылы Қоқан хандығының елшісі ретінде, патшалық Ресейдің Орта Азияны жаулап ауына қарсы көмек сұрап Ыстанбұлға барады. Иран арқылы Меккі-Мединені аралап, ол жерден Қашғарға келеді. Шетелдерге көп саяхаттаған Саййид Йақұб хан, Йақұб-бек әкімшілігінің сыртқы саясатындағы салмақты қайраткеріне айналады.

1869 жылы Ыстанбұлдағы бұрынғы Қоқан елшісі Саййид Йақұб хан, жол шығынына 60 мың пиастр ақша алып, құпия түрде Египет пен Үндістан арқылы Қоқан және Қашғарға келеді. Оған Осман мемлекеті, Қашғар және Қоқан хандығы арасында байланыс орнату міндеті жүктейді. Ыстамбұлдағы орыс елшісі Н. П. Игнатьев Саййид Йақұб ханға «өте қатты діндар және әдебиет саласында терең білімді» адам ретінде сипаттама береді.

«Тарих-и амнийя» дереккөзінің мәліметтеріне сүйенетін болсақ, Саййид Йақұб хан Төренің Қашғарға Осман империясының әсерімен, олардың арнайы тапсырмасымен келген болуы мүмкін, делінеді [2, 167а п.]. Демек, екі мемлекет арасында байланыстың орнауында алғашқы қадамды Осман империясы жасағандығын байқауға болады.

Қашғарға келген Саййид Йақұб хан Төре Йақұб-бекке Осман билігінің ниеті жайында мәлімдейді және Йақұб-бек Саййид Йақұб хан Төренің ықпалымен өз елшілерін Ыстанбұлға аттандырады. Елшілерді Саййид Йақұб хан Төре өзі басқарып барады. Миссияның мақсаты – «Йақұб-бекке «Орта Азияда Османлылармен достық қарым-қатынаста болатын қуатты мұсылман мемлекетін құруға көмек сұрау және үлкен көлемде қару сатып алу» өтінішін жеткізу болатын. Ол сонымен бірге сұлтан Абдулазизға Йақұб-бек басқарған Жетішар хандығының Осман империясының протекторатын қабылдауға дайын екендігі туралы жазылған хатты табыстайды. Сонымен қатар, ол әскери көмек сұрап, өз армиясын соғыс өнеріне үйрету, жаттығулар жүргізу және күшейту үшін әскери кеңесшілерді жіберуді өтінеді. Сұлтан өз уәзірлерімен кеңесіп, Йақұб-бектің өтініштерін қанағаттандыру шешімін қабылдайды. Бұл оқиға «Тарих-и амнийада» былайша сипатталады, «Саййид Йақұб ханның айтуымен және үгіттеуімен Йақұб-бек өз адамдарын Осман империясына жіберуді ұйғарады. Өте көп сыйлықтарды дайындап, Саййид Йақұб хан Төрені жолбасшы етіп бірнеше сенімді адамдарды серік етіп, Ұлы сұлтанның Жетішарды өз қорғауына алуын сұрап Ыстанбұлға аттандырады [6, 238 б.]. Елдің тарихындағы бұл маңызды оқиға Мқса Сайрамыдың «Тарих-и хамиди» шығармасында да жан-жақты баяндалады. Ондағы фактілерге негізделсек, бұл оқиғалар 1868-1869 жылдар аралығында болған [7, 421б.].

Кейбір ғылыми еңбектерде: «1868-1869 жылдары аралығында Осман сұлтандығына елші етіп Шади Мырза жіберілді», - деген қате пікірлер айтылады [8, 79 б.]. Бірақ жергілікті қолжазбаларда және сол жылдары Шығыс Түркістанда саяхатшы, елші кейпінде келіп жүрген кейбір ағылшын тыңшыларының еңбектерінде дипломатиялық миссияның басшысы ретінде Саййид Йақұб ханның барғандығы айтылады. Шади Мырза болса, дәл осы уақытта, Жетішар-Ресей арақатынастарын жолға қою мақсатында Санкт-Петербургға кеткен еді. Осы мәліметті бүгінгі таңда ҚР ОММ-да сақтаулы құжаттар да дәлелдейді [9, 23-24 бб.].

Осман империясының сұлтаны Абдул Азиз хан бинни Абдул Мәжит хан Йақұб-бектен келген елшілерді жақсы көңіл-күймен қарсы алады. Себебі, осы кезде Абдул Әзиз хан, өзінің саяси майдандағы ең ірі қарсыласы Ресейге қарсы Қазаннан Қашғарға дейінгі аралықтағы барлық мұсылман мемлекеттерін біріктіруді мақсат еткен адам еді. [10, 118 б.]. Сол себептен, түрік сұлтаны үлкен қуанышпен Жетішарды өзіне тиісті жер деп мойындап, Йақұб-бекке «мыраһор басылық» (әмірлік – К.З.) лауазымын береді. «Тарих-и хамидида» үлкен патшалар дәрежесіне көтеріп, асыл тастармен безелген шахтық тәж, қылыш және мылтықтармен қатар шахтық жарлық беріп, Саййид Йақұб ханның Қашғарға қайтуына рұқсат береді. Йақұб-бек елшілерінің табыспен қайтқанына қатты қуанады, Жетішарды Осман сұлтандығына тиісті жер деп жариялап, хандықтың туларына османлы рәміздерін енгізеді және Абдул Азиз ханның есімі жазылған алтын, күміс теңгелерді және чақа пұлдарды (мыс теңге) құйдыра бастайды [7, 420 б.].

Бүгінгі таңда бұл алтын, күміс және мыс теңгелер Санкт-Петербург қаласында орналасқан Мемлекеттік Эрмитаждың қорында сақтаулы. Ол жерде сонымен қатар Жетішар мемлекетінде 1876–77 жылдары тағы бір Осман сұлтаны Мұрат ханның құрметіне соқтырылған теңгелер де бар [11, 12-21 бб.].

Мемлекет тарихында болған бұл ерекше оқиғалар XIX ғасырдың екінші жартысында Қашғарияда өмір сүрген басқа да тарихшылардың еңбектерінде сипатталады. Мысалы: қашғарлық автор Қажы Йусуф өзінің «Джам ат таварих» кітабында Абдул Азиз ханнан елшілер келгенін, Жетішар мемлекетін өз қорғауына алатындығын және болашақта жан-жақты көмек көрсететіні туралы жарлық жібергенін баяндайды. Йақұб-бек жағынан барған Саййид Йақұб хан басшылығындағы елшілер туралы мүлдем ахбарат айтылмайды [12, 170 б.]. Сол мазмұндағы мәліметтерді Йақұб бектің жақын әріптесі болған Молла Мырза да хабарлайды. Оның айтуынша, Абдул Азиз ханнан үш адамнан тұратын елшілер келеді. Молла Мырза елшілерді Қашғарияның түкпір аудандарына саяхатқа алып барғандығын айтады [13, 128 б.].

Шығыстүркістандық тарихшылардың айтуынша, осыдан кейін Осман мемлекеті Қашғарға қомақты әскери көмек беру шешімін қабылдайды. Османлылардың бұл әрекетін зерттеушілер, біріншіден – Ресей империясының Йақұб-бек жаңадан құрған жас Жетішар мемлекеті жөніндегі мәселеде айқын ұстанымда болмағандығынан, екіншіден – жаңадан құрылған жас мемлекетті пайдалану арқылы Ресей империясының Осман империясының ықпалындағы Орта Азия хандықтарын күштеп басып алу әрекетіне тосқауыл қоюға тырысуна байланысты, деп түсіндіреді. Түрк сұлтаны Қашғар билеушісіне 500 дана Құран кітап жібереді. Саййид Йақұб хан Төремен бірге Шығыс Түркістанға бірнеше осман офицерлерін әскери нұсқаушы ретінде келеді. Сонымен қатар, көп мөлшерде қару-жарақтар, з артиллериялық зеңбіректер және зеңбірек жасайтын ұсталар жөнелтіледі.

Кейбір деректер түрік сұлтаны тағы да Йақұб-бекке айрықша өкілеттілікке ие елші Мұрат Әпендіні аттандырып, оған Түркістан билеушісін Осман сарайының қорғауындағы тәуелсіз патша ретіндегі мәртебесін растайтын арнайы пәрменді табыстауды жүктегенін, айтады.

Осы пәрмен арқылы Йақұб-бекке Әмір ул-Муминин құрметті лауазымы және халифа атымен ақша соғуға құқық беріледі [4, 100 б.]. Алайда сұлтан ешқандай қаржылық көмек ұсынбайды.

Осман елшілігі 1873 жылы Қашғарда үлкен құрметпен қарсы алынып, келу құрметіне жүз зеңбіректен оқ атылады.

Елшілер Йақұб-бекке Круппада құйылған 6 зеңбірек, ескі үлгідегі 1000 мылтық, жаңа үлгідегі 200 мылтық, сонымен қатар оқ-дәрі, өндіріс құралдары және қару жасау үшін қажетті жабдықтар жеткізеді. 4 адамнан тұратын (инженерлік әскер офицері Али Казем Бей, жаяу әскери полковник Мехмед Юсуф Бей, атты әскер офицері Черкес Юсуф Бей және

артиллерия офицері Исмаил Хаккы Бей) әскери нұсқаушыларды және тағы да 4 отставкадағы офицерді жібереді. Осы күннен бастап, өзін Йақұб хан деп атай бастайды. Өз теңгесін соғып, өзіне тиесілі аймаққа Абдулазиз сұлтан атына құтпа айтқызады, өз туы алдына осман туын ілдірді. Осман офицерлері қашғар әскерін оқытуға кіріседі [14, 93б.].

Сонымен қатар, Абдулазиз Йақұб-бекке төмендегідей хат жібереді. Осман империясының іс қағаздары сақталған Премьер министр кабинеті Османлы мұражайының фондында сақталып тұрған бұл хатты ресейлік зерттеуші А.Д. Васильев ғылыми айналымға түсіреді: «Сіздің Қашғардағы үкіметіңіздің құрылған алғашқы күндерінен бізге қатысты көрсетіп келе жатқан достық пейіліңіз жайлы естіп сізге риза болдық. Менің атыма ақша соғып, құтпа оқығаныңызды да естідім. Сондықтан да мен сізді мақтан тұтамын және Сізге деген үлкен құрметімді білдіремін. Мен мұның бәрін сіздің туысқаныңыз, сарайдағы жақсы елші Саййид Йақұб ханның ауызынан естідім.

Маған белгілі жайт, Сіз өз мұрагеріңіздің үлкен ұлыңыз болуын сұрап, менің рұқсатымды алғыңыз келеді екен. Сіздің қатынасыңыз бен достығыңыз жақсы сезімдер мен Сізге деген біздің достығымызды арттырды және Сіздің өкіметке Орта Азия мұсылмандарының бағынуы Сіздің еңбегіңіз екендігін мақтанышпен атап өттік. Менің ықыласымның үлгісі ретінде Сізге Санджак-и Шерифті (Сұлтанның қасиетті туы) жіберіп отырмын. Оның формасы мен түсін Сіз өзгертпеуге тиіссіз. Сіз менің атымды жазып ақша соғуға, менің атыма құтпа оқуыңызға болады. Мен Сізге құрмет ретінде Орта Азия мұсылмандары Сізді сыйлауы үшін хат пен ту жіберемін.

Адамдар қорғаушысы болған Үкімет пен билеушілер әділеттілік пен жақсы әкімшілік көмегімен өз адамдары өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек. Осы шартты орындау – билеушілерге берілген қасиетті борыш. Заман өзгерген сәтте біз өмірімізге өзгерістер енгізіп, адамдарымыздың болашағын қамтамасыз етуді ойлауымыз қажет. Сондықтан да, Сіз өз адамдарыңызды осындай тәртіппен басқаруды қаласаңыз, мен сізге өз рұқсатымды беремін және сіздің мұрагеріңіз ретіндегі үлкен ұлыңызды тағайындауға жақсы тілектер жолдаймын.

Сіз тумысыңыздан меңгерген қабілеттілік пен ерік жігеріңіз маған қуаныш сыйлайды. Сіз әділеттілікпен басқаруды және өз бұқараңыздың бай да қауіпсіз өмірі үшін ісіңізді жалғастыра беруге тиіссіз.

Сіз сонымен қатар, өз еліңізде ғылымды, білімді, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын жетілдіруге тиіссіз. Сіз елдегі байланыс жолдарын дамыту мақсатында көпірлер соғып, жолдар жасауыңыз қажет. Осы айтылғандар Сіздің елдің және адамдарыңыздың қабілеті мен қажетіне қарай кезекпен іске аса береді.

Әзірше Сіз өз бұқараңызға өркениет сәулесін және өмір игілігін әкелудесіз. Сізге өз еліңізді көршілес елдермен үздіксіз қақтығыстардан сақтауыңыз керек. Осындай кикілжіңдерде сіз өз адамдарыңыз бен өз мүлкіңізден айырылып қалуыңыз мүмкін. Мұнымен қатар сіз көрші елдермен бейбіт келісімдердің көмегі арқылы достық қатынаста болуыңыз қажет. Осылайша сіз өзге елдермен сауда қатынасын жақсартуға мүмкіндік аласыз. Бұл – бүгінгі таңдағы, болашақтағы ең жақсы және ең дұрыс өмір. Бұл – менің Сізге және Сіз бақылауға алуға тиіс сіздің бұқараға арналған пәрменім» [4, 24 б.].

Орыс әкімшілігі өтіп жатқан жағдайларға алаңдаушылық білдірді. Әлдебір Түркістан шенеунігінің мәліметінше, 1875 жылдың жаз айында «... Ыстамбұл мен Үндістаннан Қашғарға екі жүз шақты адам келген. Олардың бір бөлігі – елшілер, енді бірі – саудагерлер мен шеберлер және атты және жаяу әскерді оқытатын адамдар солдаттар Елшілер 2000 мылтық пен 10 зеңбірек алып келді. Ал Йақұб-бектің өзіне патша тәжі мен інжу сырып тігілген костюмді табыс етті. Шеберлер қайта жасау үшін ескі зеңбіректерді сындырып алып кетті. Сарбаздар қыстақтардан адамдар жинап, соғыс өнеріне үйрете бастады [15, 37 б.].

Түрлі уақыт кезеңдерінде Қашғарда болған орыс саяхатшы-офицерлері түрік әскери нұсқаушыларының іс-әрекетіне және олардың жергілікті әскерді оқыту нәтижелеріне

байланысты өз бағалауларын қалдырған. А.Н. Куропаткин өз жазбаларында Бұқар армиясы мен Қашғар армиясын салыстыра қарағанда, соңғысының жақсы оқып үйренгенін және дайындалғанын айтады. Дегенмен ол қашғар армиясының дайындық деңгейі еуропалық әскерден төмендеу екендігін білдіреді. Оның айтуынша, түріктер қашғар әскерінің құрылымын өзгерткен және жергілікті әскер үшін түрік жарғысын енгізген. Тағы да сол Куропаткиннің айтуынша, кейбір түріктердің ренжіп, Ыстамбұлға қайтып кеткен. Түрік шеберлерінің зеңбірек жасау зауытын құру талпыныстары сәтсіздікпен аяқталған. Түрік нұсқаушыларының бірі Мамад әпендіге иір ойықты зеңбірек құю тапсырылған. Алайда құйылған алғашқы екі зеңбірек те бірінші сынақта-ақ жарылып кеткен.

Түрік шеберлері шүріппелі мылтықтарға арналған капсюль өндіретін зауыт құрылысын бітіреді. Қашғар солдаттарының аздаған тобы түрік үлгісіндегі форма киген. Орыс саяхатшылары қолжазбаларында ағылшын жарғысымен оқып, үйренген ауғандық «қызыл сарбаздардың» – гвардияның бар екендігін атап өткен деректер кездеседі. А.Н. Куропаткин түрік нұсқаушылары басшылығымен оқып үйренген қашғарлық әскерлерге мынандай сипаттама береді: «Соңғы жылдары (1872-1877) түрік нұсқаушылары пайда болып, оқыту-үйрету ісін өз қолдарына алды. Жаңа нұсқаушылар өзімен бірге жаңа формалар әкеліп, осы арқылы істің мәні көрініс тапты. Жаңаша оқытып үйретудің мәні жаяу әскерде – мылтықпен істейтін әдіс-тәсілдер майданда шұғыл әрекеттер жасау, сап түзеп жүру; атты әскерде – майдандағы сап түзеу, жарыс, адымдап қозғалу, үш, алты қатар түзеп желу, аттан түсіру секілді әскери қимылдар арқылы айқындалды. Жаяу әскердегі шашыраңқы сап түзеу, атты әскердегі шабуылдар мен аванпастық қызмет оқыту курстарына енген жоқ. Жер жағдайын пайдалана үйрену жөнінде немесе жиынтық эволюция бойынша ештеңе айтылып, ескерілмеді» [16, 180 б.]. Сонымен бірге Қашғарда болған Куропаткин және басқа да орыс офицерлері де осы кезеңде Осман империясынан Үндістан аумағы арқылы Қашғарға заманауи қарулардың – мылтықтар, зеңбіректер мен оқ-дәрігерлердің үлкен көлемді партиялары келіп тұрғандығын растайды. Дегенмен, қарулар мен зеңбірек механизмдерінің көпшілігінен ақаулар шығып, жарамсыз темірлерге айналып қала берді [16, 161 б.].

Сонымен, Осман империясымен Жетішар хандығы ара-қатынастарының алғашқы кезеңі аяқталады. Йақұб-бек Түрік сұлтандығы сияқты ірі мемлекеттің қорғауына қуанса, Абдул Азиз хан болса, Жетішарды Ресей патшалығына қарсы қойғанына масаттанады. Шынымен, біршама уақыт өткен соң, Йақұб-бек орыстармен байланысын бірден бұзып, арақатынасын өзгертеді. Жағдайдың осы бағытта дамуына, Осман сұлтандығының одақтасы Йақұб-бекті өзіне қаратуға тырысқан ағылшын үкіметінің ықпалы болды. Олар өз кезегінде, Орталық Азиядағы әсерін күшейту мақсатында Түрк сұлтандығын пайдаланып, Жетішармен жақындасады.

1873 жылы Түркі-Жетішар арақатынастарының екінші кезеңі басталады. Осы жылдың көктем айларында Йақұб-бектің бұйрығымен жолға шыққан Саййид Йақұб хан алғаш Үндістандағы Британ үкіметінің өкілдерімен кездеседі, кейін Ыстамбұлға аттанады. Өкінішке қарай, Саййид Йақұб ханның осы саяхаты туралы «Тарих-и амнийада» мүлдем айтылмайды. Бұл саяхаттың негізгі мақсаты екі мемлекет арасындағы арақатынастарды одан әрі нығайту және Жетішардың қауіпсіздігі үшін әскери көмек сұрау болып табылатын.

Абдул Азиз хан Қашғардан келген өкілді қабылдап, олардың талаптарын орындауға уәде етеді. Бірақ өзі Орыс-Түрік соғысының алдындағы өте ауыр жағдайда болғандықтан, Жетішарға көп көмек көрсете алмайды. Біраз қару-жарақ және бірнеше әскери кеңесші жіберумен шектеледі. 1875 жылы Йақұб-бектің қашғарлық өкілі Ыстанбұлға қайта келді. Ол сұлтаннан сыйлық есебінде ту және алтын жіппен сырылып тігілген жамылғы алды. Сонымен қатар, 1000 мылтық, Қашғар билеушісінің бірінші ұлына 2-дәрежелі Меджидие ордені, екінші ұлына 3-дәрежелі Меджидие табыс етілді [4, 25 б.].

1864 – 1877 жж аралығында Ресей империясының Осман империясындағы елшісі қызметін атқарған Н.П. Игнатъевтың айтуына қарағанда, сұлтанның Йақұб-бек елшілерімен қоштасу алдындағы ресми қабылдауы қысқа болған. Хаттамалық ресми сөздерден кейін Абдулазиз елшіге Йақұб-бектің барлық көршілермен тату келісімде болуын тапсырған. Қашғар елшісі Саййид Йақұб хан Сұлтандың бұл әрекетіне таңданысын жасыра алмай, соншалықты алыстан келгендігіне қарамай, айтарлықтай нәтижеге қол жеткізе алмағанына өкінгенін білдірген.

Саййид Йақұб хан заманауи қару-жарақ және оқ-дәрі алудың басқа да жолдарын іздейді. Ол ағылшын және түрік саудагерлерімен келісім жасап, Жетішар әскеріне керекті қару-жарақтарды сатып алуды көздейді. Ыстамбұлда есімі белгісіз саудагерден 12000 (он екі мың) дана мылтық сатып алуға келісім жасасып, оны тек 6000 (алты мың) данасына ғана ақшасы жетіп, қалғандарына кейін алатын болып, Қарақұрым тауларынан өтіп, Кашмир арқылы Қашғарға қайтады. Қалған 6000 дана мылтықты сатып алу үшін Йақұб-бек ақша жинап, Ысмайыл атты адамды жібереді [6, 171 б.]

Авторы беймәлім шығыстүркістандық тарихшының еңбегінде: «Түрік сұлтаны Абдул Азиз хан Жетішарға мылтық және оқ-дәрілерден басқа тағы 6 зеңбірек сыйға тартты және қару-жарақ, зеңбірек жасайтын шеберлерді жіберді» - делінеді [12, 156-157 бб.]. Бұл мәліметті орыс зерттеушісі А.Н. Куропаткин де растайды. Ол 1876 жылы Түркістан генерал-губернаторы Кауфманның өкілі ретінде Қашғарға барған кезде, Йақұб-бек армиясында 6 зеңбіректен тұратын бір батареяның бар екендігін анықтайды [16, 171 б.].

Түрік армиясынан демалысқа шыққан әскерлер Жетішарға жіберіледі. Олардың анық саны бізге мәлім емес. Тек сол әскери кеңесшілер қатарында Қашғарияға келген Заман-бектің, Йақұб-бек жеңіліс тапқан соң Орта Азия аумағына өтіп, Түркістан генерал-губернаторының аудармашысы қызметіне кіргендігін көреміз [14, 93-94 бб.].

Сұлтан Абдулазиз 1876 жылдың 4 маусымында өлтірілді. Оның өлімінен соң тақ Абдулхамид сұлтанға (1876-1909) өтті. Йақұб-бек Ыстамбұлға арнайы елші аттандырды Саййид Йақұб хан Төре барлық мұсылмандардың рухани басшысы ретінде жаңа сұлтан ұлықтығын таныған және сыйлықтарға разылығын білдірген хатты алып Ыстамбұлға жетеді [4, 25 б.].

Осы кезеңде Осман мемлекеті жалпы экономикалық және әскери саяси қуатының әлсіздігіне байланысты Жетішар хандығының тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуына көмек көрсете алмайды.

Дегенмен, Осман империясы Йақұб-бекке дипломатиялық көмектер беруге тырысады. 1876 жылы Қашғар елшісі Саййид Йақұб хан Төре алдымен қосымша қару-жарақ жеткізу жөнінде өтініш білдіріп, Ыстанбұлға келді, кейін Санкт-Петербургке барып, Ресеймен достық қатынас ортануға ұмтылыс жасайды және Йақұб-бек мемлекетінің Ресейге ешқандай қауіп тудырып тұрмағандығына патша әкімшілігінің көзін жеткізуге тырысады. Түрік тарихшыларының хабарламаларына сәйкес Саййид Йақұб хан Төренің Ресейге жасаған сапары сәтті болған.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, XIX ғасырдың екінші жартысында Шығыс Түркістанда өмір сүріп, шығармашылықпен айналысқан жергілікті тарихшылардың еңбектерінде Жетішар мемлекеті мен Осман сұлтандығы ортасындағы байланыстарға ерекше мән беріп, жан жақты сипаттаған және оған қатысты оқиғаларды зор ықыласпен баяндайды. Ғасырлар бойы бір-біріне үлкен сенім және үміт артқан діні бір, тілі бір түркі тілді халықтардың бірлігі тарихшылар еңбектерінде де өз көрінісін тапқан.

Әдебиет:

1. Султанов Т.И. Зерцало минувших дней. Историческая книга в культуре Средней Азии в XV-XIX вв. – СПб.: Изд-во СПб университета, 2005. – 302 с.
2. Мұса Сайрамы. Тарих-и амнийя // Рукопись Санкт-Петербургского филиала ИВ РАН. С. 335
3. Байкова Н.Б. Англо-Кашгарский торговый договор 1874 года // Краткие сообщения Ин-та востоковедения. – М., 1952. - Вып. 4. – С. 52-55.
4. Васильев А.Д. Взаимоотношения государства Якуб-бека Кашгарского с Османской империей в 70-х гг. XIX века // Вестник ВЭГУ. – Уфа: Изд-во «Восточный университет», 2006. –Ч.1. – С. 20-29.
5. Zarcone Thierry. Political Sufism and the emirate of Kashgaria (End of the 19th Century): the Role of the Ambassador Ya'qub han tura // Muslim Culture in Russia and Central Asia from the 18th the Early 20th Centuries. Herausgegeben von Michael Kemper, Anke von Kugelgen, Dmitriy Yermakov. Berlin: Klaus Schwarz Verlag, 1996. P. 154-165.
6. Мұса Сайрамы. Тарих-и амнийя. – Үрүмчи: Милләтләр нәшрияти, 1989. – 434 б.
7. Мұса Сайрамы. Тарих-и хамиди. – Үрүмші: Милләтләр нәшрияти, 1986.– 775 б.
8. Моисеев В.А. Джунгарское ханство и казахи (XVII–XVIII вв.). – Алма-Ата: Наука, 1991. – 238 с.
9. «Журнал политических и военных событий на границе Семиреченской области с бывшим Западным Китаем за ноябрь месяц 1869 г.» фонд 44. Семиреченское областное правление // ЦГА РК. Оп.1. Д.5649. Л. 23-24 об.
10. Хидояттов Г.А. Из истории англо-русских отношений в Средней Азии в конце XIX в. – Ташкент: Фан, 1969. – 456 с.
11. Тухтиев И. Нумизматические материалы как источник по истории Восточного Туркестана (XVIII – нач. XX вв.): автореф. ... канд.ист.наук. – Ташкент, 1989. – 25 с.
12. Тихонов Д.И. Уйгурские исторические рукописи конца XIX и начала XX в. // Уч. Зап. Ин-та востоковедения. - М.–Л., 1954. - Т. 9. – С. 146-174.
13. Гаврилов М.Ф. Страничка из истории Якуб-бека Бадаулета – Правителя Кашгарии // Сборник В.В. Бартольду. – Ташкент, 1927. – С. 125-132.
14. Камалов А.К. Миграция населения Кашгарии в Ферганскую долину после падения Кашгарского эмирата в конце XIX в. // Уйгуроведение в Казахстане: традиция и новация: Материалы межд. конф. – Алматы: Изд.дом «Наш мир», 2006. – С. 89-101.
15. Saray M. Rus isgali Devrinde Osmanli Devleti ile Turkstan Hanliklari Arasindaki Siyasi munasibetler (1775–1875). – Ankara, 1994. – 112 в. (in Turkish)
16. Куропаткин А.Н. Кашгария. Историко-географический очерк страны. – СПб.: Издание Императорского РГО, 1879. – 435 с.

References:

1. Sultanow T.I. Zërcalo minuwshix dnëy. Istorichëskaya kniga w kul'turë Srëdnëy Azii w XV-XIX ww. [Mirror of days gone by. Historical book in the culture of Central Asia in the XV-XIX centuries] – SPb.: Izd-wo SPb uniwersitëta, 2005. – 302 s. (in russ.)
2. Мұса Сайрамы. Тарих-и амнийя // Rukopis' Sankt-Pëtërburgskogo filiala IW RAN. [Tarikh-i amniya] S. 335 (in russ.)
3. Baykowa N.B. Anglo-Kashgarskiy torgowiy dogowor 1874 goda // Kratkië soobshëniya In-ta wostokowëdëniya. [Anglo-Kashgar Trade Treaty of 1874]– М., 1952. - Wip. 4. – S. 52-55. (in russ.)
4. Wasil'ëw A.D. Wzaimootnoshëniya gosudarstwa Yakub-bëka Kashgarskogo s Osmanskoy impëriëy w 70-x gg. XIX wëka [Relations between the state of Yakub Beg of Kashgar and the Ottoman Empire in the 70s. 19th century] // Wëstnik WËGU. – Ufa: Izd-wo «Wostochniy uniwersitët», 2006. –Ch.1. – S. 20-29. (in russ.)

5. Zarcone Thierry. Political Sufism and the emirate of Kashgaria (End of the 19th Century): the Role of the Ambassador Ya'qub xan tura // Muslim Culture in Russia and Central Asia from the 18th the Early 20th Centuries. Herausgegeben von Michael Kemper, Anke von Kugelgen, Dmitriy Yermakov. Berlin: Klaus Schwarz Verlag, 1996. P. 154-165.
6. Мұса Сайрамі. Тарих-и амния. [Тарих-и амнийа] – Ürümchi: Milletler neshriyati, 1989. – 434 b. (in Uyghur)
7. Мұса Сайрамі. Тарих-и хамиді. [Тарих-и амнийа] – Ürümshi: Milletler neshriyati, 1986.– 775 b. (in Uyghur)
8. Moisëw W.A. Dzhungarskoë xanstwo i kazaxi (XVII–XVIII ww.). [Dzungar Khanate and Kazakhs (XVII–XVIII centuries)] – Alma-Ata: Nauka, 1991. – 238 s. (in russ.)
9. «Zhurnal politichëskix i woënnix sobitiy na granicë Sëmirëchënskoy bolasti s biwshim Zapadnim Kitaëm za noyabr' mësyac 1869 g.» [Journal of political and military events on the border of the Semirechensk region with former Western China for the month of November 1869] fond 44. Sëmirëchënskoë oblastnoë prawlënië // CGA RK. Op.1. D.5649. L. 23-24 ob.
10. Xidoyatow G.A. Iz istorii anglo-russkix otnoshëniy w Srëdnëy Azii w koncë XIX w. [From the history of Anglo-Russian relations in Central Asia at the end of the 19th century.] – Tashkënt: Fan, 1969. – 456 s. (in russ.)
11. Tuxtiëw I. Numizmatichëskië matëriali kak istochnik po istorii Wostochnogo Turkëstana (XVIII – nach. XX ww.). [Numismatic materials as a source on the history of East Turkestan (XVIII – early XX centuries.): awtorëf. ... kand.ist.nauk. – Tashkënt, 1989. – 25 s. (in russ.)
12. Tixonow D.I. Uygurskië istorichëskië rukopisi konca XIX i nachala XX w. [Uighur historical manuscripts of the late XIX and early XX centuries.] // Uch. Zap. In-ta wostokowëdëniya. - M.–L., 1954. - T. 9. – S. 146-174. (in russ.)
13. Gawrilow M.F. Stranichka iz istorii Yakub-bëka Badaulëta – Prawitëlya Kashgarii [A page from the history of Yakub bek Badaulet, the Ruler of Kashgaria] // Sbornik W.W. Bartol'du. – Tashkënt, 1927. – S. 125-132. (in russ.)
14. Kamalow A.K. Migraciya nasëlëniya Kashgarii w Fërganskuyu dolinu poslä padëniya Kashgarskogo ëmirata w koncë XIX w. [Migration of the population of Kashgaria to the Ferghana Valley after the fall of the Kashgar Emirate at the end of the XIX century] // Uygurowëdënië w Kazaxstanë: tradiciya i nowaciya: Matëriali mëzhd. konf. – Almati: Izd.dom «Nash mir», 2006. – S. 89-101. (in russ.)
15. Saray M. Rus isgali Devrinde Osmanli Devleti ile Turkstan Hanliklari Arasindaki Siyasi munasibetler (1775–1875). – Ankara, 1994. – 112 w.
16. Kuropatkin A.N. Kashgariya. Istoriko-gëografichëskiy ochërk strani. [Kashgaria. Historical and geographical sketch of the country.] – SPb.: Izdanië Impëratskogo RGO, 1879. – 435 s. (in russ.)

Каримова З.К.

Университет «Туран», Алматы, Казахстан,

E-mail: vostok_karimova@mail.ru

ТЮРКСКИЕ ИСТОЧНИКИ О ПРОТЕКТОРАТЕ ОСМАНСКОЙ ИМПЕРИИ В КАШГАРИИ (ВТОРАЯ ПОЛОВИНА XIX ВЕКА)

18. Praktiqeskie vse kakakhstansy obuqauit v kitaickox vuzax za sqet Pekina. [https \[Almost all Kazakhs study in Chinese universities at the expense of Beijing\]](https://kursiv.kz/news/obrazovanie/2019-05/) [//kursiv.kz/news/obrazovanie/2019-05/](https://kursiv.kz/news/obrazovanie/2019-05/) [in russian] [electronic resource].
19. Guruleva T.L., (2017) Sistema obrazovanye v Kitaiskoi Narodnoi Respublika: struktura i osnovnye napravleniya razvinie [Education system in the People's Republic of China: structure and main directions of development] // Vishe obrazovanie v Rossii, № 7, С. 152–164 [in russian].
20. Ofissialny sait posolstvo Yaponi v Kazakhstane [The official website of the Embassy of Japan in Kazakhstan] https://www.kz.emb-japan.go.jp/itpr_ru/culture-education.html [in russian] [electronic resource]
21. Kashteluk Aarii. Pasol Yaponi I Predsedatel Majilisa rasskazal o razvitie otnoshenye mezhdud Yaponiei I Kazakhstanom [The Ambassador of Japan and the Chairman of the Majilis spoke about the development of relations between Japan and Kazakhstan], 26 marta 2014 g. <http://www.liter.kz/news/view/45382> [in russian]
22. Otnoshenye mezhdud Yaponiei I Kazakhstanom [Relations between Japan and Kazakhstan]. 07.09. 2013/<http://www.alinur.kz> [in russian] [electronic resource].
23. Kazakhstan i Yaponia prozivodiad voennu oborudobanie [Kazakhstan and Japan produce military equipment], 11.07.2012/<http://total.kz/politics/2012/07/11/> [in russian] [electronic resource].

¹Саркытқан К. ²Дунбаева З. ³Ахметова А.

¹ *Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан*

² *Специализированный лицей № 126, Алматы, Казахстан*

³ *КазНПУ им. Абая, руководитель научно-инновационного парка «Abai LABS», Алматы, Казахстан*

E-mail: ¹kaster0102@mail.ru, ²zaure.donbayeva@mail.ru, ³aktlek_ahmetova@mail.ru

ЭТАПЫ РАЗВИТИЯ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ КАЗАХСТАНА И МЕЖДУНАРОДНАЯ ИНТЕГРАЦИЯ (НА ПРИМЕРЕ КИТАЯ И ЯПОНИИ)

Аннотация. Статья направлена на изучение отношений Казахстана с Китаем и Японией на основе описания структуры и особенностей образовательной и научной сферы Казахстана. Для этой цели поставлены следующие задачи: В статье описаны достижения, достигнутые на основе реформ Республики Казахстан в области образования и науки в период после обретения независимости; а также особенности и структурные условия отечественного образования и науки; Также освещены последние новости в сфере образования и науки в Казахстане. В статье рассматриваются правовые и институциональные предпосылки, подписанные на правительственном уровне контракты и многосторонние соглашения, которые легли в основу тесных отношений между Казахстаном и Китайской Народной Республикой. В том числе экономическое, культурное и

сотрудничество в области образования и науки. Этот контент является своеобразной новинкой статьи.

В качестве основных результатов в статье можно рассмотреть следующие выводы. Во-первых, растет влияние Китая на систему образования и науки Казахстана. Это можно описать такими случаями, как увеличение числа изучающих китайский язык в Казахстане, увеличение числа центров обучения китайскому языку, ежегодное увеличение числа студентов, обучающихся с выездом в Китай, налаживание продажи литературы на китайском языке в книжных магазинах и библиотеках Казахстана.

Во-вторых, отношения между Японией и Казахстаном в сфере образования и науки в настоящее время только развиваются, но развитие показывает большие перспективы. Это потому, что Япония является важной страной во внешней политике и экономическом сотрудничестве Казахстана. Поэтому делается вывод о том, что отношения между Казахстаном и Японией в сфере образования и культуры имеют полную основу для того, чтобы быть высокими на современном уровне.

Благодарность: Данная статья написана на основе результатов исследования проекта грантового финансирования под названием: ИРН АР19679663 «Интеграция интересов в современном геополитическом пространстве Центральной Азии: Экономическая интеграция и факторы национальной безопасности».

Ключевые слова: отечественное образование, реформы в области науки, миграция знаний, юридически-правовые основы, интеграция образования.

Sarkytkan K.¹ Dunbayeva Z.^{2,3} Akhmetova A.³

¹ Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

² Almaty, Lyceum school No. 126, Almaty, Kazakhstan

³ KazNPU named after Abaya, Head of the scientific and innovation Park «Abai LABS»
Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹kaster0102@mail.ru, ²zaure.donbayeva@mail.ru, ³aktlek_ahmetova@mail.ru

STAGES OF DEVELOPMENT OF THE EDUCATION AND SCIENCE SYSTEM OF KAZAKHSTAN AND INTERNATIONAL INTEGRATION (ON THE EXAMPLE OF CHINA AND JAPAN)

Abstract. The article aims to study the relationship of Kazakhstan with China and Japan on the basis of a description of the structure and features of the educational and scientific sphere of Kazakhstan. For this purpose, the following tasks are set: The article describes the Republic of Kazakhstan's achievements based on the reforms carried out in education and science in the post-independence period; as well as the specific features and structural conditions of domestic education and science; The latest developments in the field of education and science in Kazakhstan are also included. The article discusses legal and institutional prerequisites, contracts signed at the government level, and multilateral agreements that formed the basis for close relations between Kazakhstan and the People's Republic of China. These include economic, cultural educational, and scientific cooperation. These contents are a kind of novelty of the article.

The following conclusions can be considered as the main results of the article. First, China's influence on Kazakhstan's education and science system is growing. This can be characterized by the fact that there is an increase in Chinese language learners in Kazakhstan, an increase in Chinese language teaching centers, an annual increase in the number of students visiting China, and the sale of Chinese-language literature in bookstores and libraries in Kazakhstan.

Secondly, relations between Japan and Kazakhstan in education and science are only developing, but the development shows excellent prospects. This is because Japan is essential to

Kazakhstan's foreign policy and economic cooperation. Therefore, it is concluded that relations between Kazakhstan and Japan in the field of education and culture at the current level have a solid basis.

Acknowledgment: This article was written based on the research results of the research project for grant funding of the: IRN AP19679663 «Interaction of interests in the current geopolitical space of Central Asia: Based on economic integration and national security factors».

Key words: domestic education, reforms in the field of science, educational migration, legal and legal foundations, educational integration.

Авторлар туралы мәлімет:

Қастер Сарықтқан, г.ғ.к., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, Алматы, Қазақстан

Дунбаева Зәуре, география пәні бойынша педагогика магистрі, Алматы қаласы, № 126 мамандандырылған лицей оқытушысы, Алматы, Қазақстан

Ахметова Ақтілек, Абай атындағы ҚазҰПУ, «Abai LABS» ғылыми-инновациялық паркінің жетекшісі, Алматы, Қазақстан

Сведения об авторах:

Кастер Саркытқан к.ғ.н., профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан

Дунбаева Зауре, магистр педагогики по географии, преподаватель специализированного лицея № 126, Алматы, Казахстан

Ахметова Актилек, руководитель научно-инновационного парка «Abai LABS», КазНУ им. Абая», Алматы, Казахстан

Information about authors:

Kaster Sarytkan, Candidate of Geographical Sciences, Professor of the Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

Dunbaeva Zaire, master of pedagogy in geography, teacher of specialized Lyceum No. 126, Almaty, Kazakhstan

Akhmetova Aktilek, Abai kaznu, head of the scientific and Innovation Park «Abai LABS» Almaty, Kazakhstan

*Келіп түсті 29 желтоқсан 2023 жыл
Қабылданды 25 ақпан 2024 жыл*

Далелхан А. 

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана, Қазақстан
E-mail: dalelkhan@gmail.com*

ҚХР САЯСИ БИЛІГІНДЕГІ САБАҚТАСТЫҚ: БІРІНШІ БУЫН СЫРТҚЫ САЯСАТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Қытай Халық Республикасы саяси билігінде кездесетін сабақтастық мәселесі академиялық зерттеулерде жиі айтылады. Бүгінгі Қытай билігінің бесінші буыны болып табылатын Си Цзиньпин әкімшілігі де Мао Цзэдун кезінен жалғасып келе жатқан саяси пайымдарға түбегейлі қарсы келмейтінін байқаймыз. Әсіресе Қытайдың сыртқы саяси концепцияларындағы сабақтастық мәселесі ерекше қызығушылықты тудыратыны анық. Қытай билігінің бірінші буыны сыртқы саясатының концептуалды негіздерін халықаралық қатынастардағы тарихи кезеңдермен байланыстыра отырып пайымдау жұмыстың басты мақсаты болып табылады. Зерттеудің жаңалығы – Мао Цзэдун кезінде қалыптасқан сыртқы саяси тұжырымдамалардың бүгінгі Қытай сыртқы саясатының ұтымды болуына оңтайлы жағдай тудыруы жайлы нақты пайымдардың жасалуында жатыр. Жұмыстың міндеттеріне Қытай сыртқы саясаты мен дипломатиясына қатысты кейбір тарихи оқиғаларға заманауи тұрғыда баға бере отырып, олардың қытай сыртқы саясатының болашақ дамуына қалай әсер еткенін нақтылау кіреді. Зерттеу мәселесі саяси реализм теориясы негізінде, тарихи-салыстырмалы, контент-анализ, құрылымдық талдау және жүйелеу тәсілдерін кеңінен қолдана отырылып қарастырылады. Аталмыш әдіс-тәсілдер мәселені кешенді түрде қарастырып, талдау нәтижелерін жүйелеуге көмегін тигізген. Зерттеу нәтижелері Қытай саяси билігіндегі сабақтастық мәселесін және бүгінгі қытайлық сыртқы саяси ұстанымдарды тарихи тұрғыда терең түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысы нәтижелері халықаралық қатынастар, саясаттану, қытайтану, сондай-ақ тарих саласындағы зерттеулерде кеңінен пайдалануға болады.

Түйін сөздер: ҚХР сыртқы саясаты, Мао Цзэдун дипломатиясы, қытай-кеңес қатынастары, «бір тарапқа шығу», үшінші әлем.

Кіріспе

Қытайдың қазіргі сыртқы саяси концепциясының өзегін тарихқа терең үңілмей, Қытай Халық Республикасы құрылған жылдардан бері қарастырған дұрыс. Бес мың жылдық тарихы бар көне өркениет иесі болып табылатын Қытайдың сыртқы саяси концепциясы әрқашан өзге елдерден өзгеше дамығанын байқауға болады. Тарихта болған барлықдерлік ұлы мемлекеттер мен империялар дәстүрлі түрде жаугершілік саясатын жүргізіп келсе, Қытай әрқашан оқшаулану саясатын ұстануға бейім болды. Адамзат жасаған көне ғажайыптардың бірі болып есептелетін Ұлы Қытай Қорғаны да қытайлық оқшаулану саясатының нәтижесі екені анық. Тіптен әйгілі Испан армадасынан 200 жыл бұрын атақты адмирал Чжэн Хэ бастаған, әр түрлі деректер бойынша 300-ге жуық кемелерден, 27 мың адамнан құралған Қытай флоты батысқа жеті рет саяхат жасағанда [1, 409-417 бб.] өзге жерлерді жаулап алуды мақсат етпеген. Оқшаулану саясатының кесірінен, заман көшімен бірге дамуға қарсылық қылған Қытай XIX ғасырдың соңын ала жартылай отар елге айналды. Кей ғалымдар Қытайды толықтай отар ел болды деп пайымдайды. Территориясында АҚШ, Ұлыбритания сияқты елдердің әскерлерлері орналасқан, ішкі суларында шетелдік кемелер рұқсатсыз еркін

жүзе алатын, шетел азаматтарының сот құқығының болуы, дербес сыртқы саясат жүргізе алмауы Қытайды толықтай отар ел деп санауға болады деп есептейді олар. 1820 жылдары Қытай экономикасы мен халық саны бойынша әлемде бірінші орында (ЖІӨ – \$228,6 млрд., халық саны – 381 млн. адам) [2, 44 б.] болғанына қарамастан, аз уақыт ішінде еуропалық державалардың отарына айналды. 1840 жылы басталған апиын соғысынан бастап 1949 жылы Қытай Халық Республикасы құрылғанға дейінгі аралықты Қытай билігі қытай халқы үшін «қорлық ғасыры» деп бағалайды. [3] Қытай халқының басына түскен бұл «қорлықты» болашақ ұрпақ жадында мәңгі ұстасын деген мақсатта Қытай билігі аталмыш нәубетті ел конституциясының преамбуласында жазып қалдырды. [4] Сол себептен де Қытай билігінің бірінші буын сыртқы саясатының алдында отаршылдық салдарынан арыла отырып, Қытайды әлемге дербес, тәуелсіз мемлекет ретінде мойындату міндеті тұрды.

Осы Қытай билігінің бірінші буының сыртқы саяси ұстанымдары келесі билік буындарының дипломатиялық пайымдары мен қағидаттарына бастау болғаны анық. Бүгінгі бесінші буынның сыртқы саяси тұжырымдамалары мен жаһандық бастамаларын терең түсінуде алғашқы билік буындарының стратегиялық ұстанымдарын зерделей білген дұрыс. Дэн Сяопин бастаған ашықтық реформасында Мао Цзэдунның саяси пайымдарына түбегейлі қарсы шықпауы және кейінгі буындардың сыртқы саяси тұжырымдамаларында сабақтастық сипаттың басым болуы себепті Қытай билігі бірінші буынының сыртқы саяси қағидаттарын зерделеу әлі де болса өзекті екенін атаған жөн. Осыны ескере отырып, Қытай билігінің бірінші буыны сыртқы саясатының концептуалды негіздерін халықаралық қатынастардағы тарихи кезеңдермен байланыстыра отырып пайымдау жұмыстың басты мақсаты болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу барысында алдыға қойылған мақсат-міндеттерге қол жеткізу үшін бірқатар зерттеу әдістері пайдаланылды. Саяси реализм теориясы негізінде қырғи-қабақ соғысы кезеңіндегі әр түрлі жаһандық саяси толқыныстар мен әлемдік тәртіптің кейбір сын-тегеуріндеріне қытайлық биліктің нақты жауаптарын, жаңа жағдаяттарға икемделу сипаты қарастырылды. Қоскіндікті әлемдік тәртіптің алып келген сын-қатерлеріне Қытай билігінің бірінші буыны ұстанған саяси пайымдарын шынайы бағалауға аталмыш теориялық қағидаттардың ұтымды болғанын атап өту керек.

Тарихи кезеңдердегі кездескен жаңаша сын-тегеуріндерге қытайлық сыртқы саяси стратегиялардың икемделуі және оларға жауап ретінде қалыптасқан саяси тұжырымдамалардың, стратагемдік пайымдардың даму динамикасын түсінуде тарихи-салыстырмалы әдіс және контент-анализдің көмегі зор болды. Құрылымдық талдау зерттеу мәселелерін кешенді түрде талдауға, жүйелеу тәсілдері талдау нәтижелерін жүйелеуге мүмкіндік берді.

Талқылау

Қытай Халық Республикасы әлем біртіндеп қоскіндікті жүйеге айналып, қырғи-қабақ соғысы тұтанып келе жатқан кезде пайда болды. Жапон басқыншылығынан арылып, ұзаққа созылған азамат соғысын доғарған Қытай Халық Республикасын барша халықаралық қауымдастық бірдей құшақ жая қарсы алмады. АҚШ бастаған Батыс елдері Мао Цзэдун бастаған ҚХР-сын танымайтындығын айтып, Тайваньға барып бекінген Гомиьндан үкіметін қолдайтындығын білдірді. Сол Қытай Республикасы (民國 *min guo*) КСРО мен ҚХР арасы суи бастаған кезге, яғни 1971 жылға дейін бүкіл қытай халқы атынан БҰҰ-да өкілдік етіп келді.

ҚХР құрылған алғашқы жылдары Қытай билігіне елдің сыртқы саяси қатынастарда ұстанымдарын нақтылауға тура келді. Мао Цзэдун өзінің 1949 жылы 30 маусымында

жариялаған «Халықтық демократиялық диктатурасы» атты еңбегінде қытайлық дипломатия «бір тарапқа шығу» (一边倒 *yi bian dao*) қағидасын ұстанатындығын жазды. [5, 11 б.] Аталмыш қағида сол кездегі Қытай қоғамы үшін бір-бірімен бағытас екі жолды нұсқады. Бірі қытайлық жұмысшы табы, қала халқы, ұсақ буржуазия барлығы бірлесе отырып социалистік даму жолына түсу болса, екіншісі КСРО бас болған бүкілдүниежүзілік пролетариаттар көшіне қосылып, империализм және соғыс саясатына қарсы тұру. Яғни социализм жолын берік ұстанатындығын білдірген Қытай Халық Республикасын құрылған күнінің ертеңінде 2-қазан күні КСРО телеграмма жолдап, ҚХР-сын танытындығын білдірді. 3-қазан күні КСРО мен ҚХР арасында ресми түрде дипломатиялық қатынастар орнады. 1950 жылдың қаңтар айының соңына дейін Болгария, Румыния, Венгрия, КХДР, МХР, Польша, Чехословакия, ГДР, Албания, Вьетнам сияқты социалистік лагерь елдері ҚХР үкіметін танытындығын білдіріп, ресми дипломатиялық қарым-қатынастар орнатып үлгерді. Бұл Мао төрағаның «бір тарапқа шығу» ұстанымының нақты нәтижесі екені анық.

1949 жылы 30 қыркүйекте қабылданған «Ортақ бағдарлама» (共同纲领 *gong tong gang ling*) ҚХР-ның сыртқы саяси ұстанымын айқындап берді. Аталмыш құжатта елдің сыртқы саяси ұстанымының өзегі ретінде ел тәуелсіздігі мен территориялық тұтастығын қамтамасыз ету, әлемде бейбітшілік пен мемлекеттер арасындағы тату ынтымақтастықты қолдау, сондай-ақ империалистік басқыншылық пен соғыс саясатына қарсы тұру көрсетілді. Қытайдың сыртқы саясаттағы бұрынғы отаршылдық табынан арылу мақсатында «ортақ бағдарламада» бұған дейін шет мемлекеттермен жасалған тең құқылы емес келісім-шарттардың қайта қаралатындығы айтылды. «Гоминьдан үкіметі мен шет мемлекеттер арасында жасалған барлық келісімдер мен шарттар қайтадан қаралуы керек. Құжат мазмұндарын қайта тану, немесе күшінде қалдыру, өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе тараптармен қайтадан қол қойылатын болады»[6, 2 б.]-деп жазылды.

ҚХР өзінің дипломатиялық жолын жаңа парақтан бастайтындығын ескі дипломатиялық қатынастар мен ел аумағындағы шетелдік елшіліктер мен консулдықтарға қатысты ұстанымынан байқауға болады. 1949 жылы 1-қазанда жаңадан құрылған Қытай Халық Республикасының премьері Чжоу Энлай шет мемлекеттердің үкіметіне ресми хат жолдап, ҚХР-ның барлық елдермен дипломатиялық қатынастар орнатуға мүдделі екендігін білдіреді. Яғни Гоминьдан үкіметімен орнатылған дипломатиялық қатынастарды ҚХР өзіне мұра етіп ала-алмайтындығын, жаңа құрылған мемлекетті шет мемлекеттердің жаңаша тануын қалайтындығын білдірді. Гоминьдан үкіметі кезінде елде ашылған елшіліктер мен консулдықтар өз елдерінің ҚХР-мен жаңа дипломатиялық қатынастар орнатылмайынша ресми танылмайтындығы, ал шетел дипломаттарына ҚХР-да уақытша тұрушы шетел азаматтары мәртебесі берілетіндігі, әрі соған қарамастан олардың жеке басының қауіпсіздігінің қамтамасыз етілетіндігі мәлімделді. [5, 13 б.]

Қытай жартылай отар ел болып тұрған кезде батыс державаларымен жасасқан тең құқылы емес келісімдер мен шарттардың нәтижесінде Қытайдағы шетел азаматтары мен шетелдік заңды тұлғаларға ерекше құқықтар берілген болатын. Бұл олқылықтарды жою үшін Мао Цзэдун жаңа Қытайдың сыртқы саясатына екі қағида ұсынды. «Жеке қазан көтеру» (另起炉灶 *ling qi lu zao*) және «Үйді тазалап алған соң қонақ шақыру» (打扫干净屋子再请客 *da sao gan jing wu zi zai qing ke*) деп аталатын сыртқы саяси қағидалар Қытайды отаршылық қалдықтарынан арылта отырып, елдің сыртқы саяси даму жолын жаңадан бастау дегенді білдіреді. Жалпы Қытай халқы тұрақты сөз тіркестерін сөз арасында жиі қолданғанды ұнатады. Үш мың жылдық жазба тарихы бар қытай тілінің байлығы таусылып бермес қазына екені анық. Қытай тіліндегі әр тұрақты сөз тіркесінің астарында Қытай тарихының белгілі бір белесі жататыны сондықтан. Дәстүрге берік қытай халқы күні бүгінге дейін осы қалыптасқан әдетінен адаспай келеді. Сол себептен де қытайдың сыртқы саяси

концепциясының өзегі «Жеке қазан көтеру», «Үйді тазалап алған соң қонақ шақыру» және «Бір тарапқа шығу» сынды астарлы сөздермен берілген.

«Үйді тазалап алған соң қонақ шақыру» қағидасы негізінде Қытай ескі билік тұсында шетелдіктерге берілген басымдықтардың барлығын жойды. «Ортақ бағдарламада» Қытай Халық Республикасы имериалистік мемлекеттердің Қытай еліндегі ерекше құқықтары мен ықпалын рет-ретімен біртіндеп жоятындығын көрсетті. ҚХР 1950 жылы «Кеден салығы және кеден қызметі ережелерін», «Қытай Халық Республикасының уақытша кеден заңын» қабылдай отырып, сонымен қатар, сыртқы сауда-саттықты басқару және импорт-экспорт лицензия жүйелерін енгізу арқылы елдің кедендік құқықтарын толықтай өз қолдарына алды.

1950 жылы қабылданған ҚХР Қаржы комитетінің «Су жолдары қатынастарын жалпы басқару нұсқаулығы» бойынша шетелдік кемелер елдің ішкі суларына Қытай үкіметінің арнайы рұқсатынсыз кіре алмайтын болды. Рұқсатпен кірген жағдайдың өзінде кемелерге ҚХР мемлекеттік туы ілініп, тек белгіленген айлақтарға тоқтап, барлық заң ережелеріне бағыну қажеттігі нақты көрсетілді.

Сонымен қатар, шетелдіктер мен шетелдік заңды тұлғалардың Қытайдағы барлық жылжымайтын мүліктері мен кәсіпорындары заң ережелеріне сәйкес мемлекеттің меншігіне өтті. Шетелдердің мәдени ықпалын жою мақсатында Қытайда орналасқан «АҚШ ақпараттық басқармасы», «Ұлыбритания мәдени комитеті» сияқты шетелдік ұйымдардың жұмысы тоқтатылды. Шетелдік діни ұйымдармен қатар шетел азаматтарының қаржысына ашылған мәдени, денсаулық сақтау, білім беру және қайырымдылық қорларының қызметіне тыйым салынды. [5, 15 б.] Осылайша ҚХР аз уақыттың ішінде бұрынғы отаршылдықтың қалдығы болып табылатын батыс державаларына берілген ерекше құқықтарды жоя отырып, Қытай сыртқы саясатының жаңа парағын ашты.

Күні бүгінге дейін Қытай сыртқы саясатының «темір қазығы» болып есептелетін «бес қағиданың» негізі ҚХР құрылған алғашқы жылдары қаланды. Бейбіт қатар өмір сүрудің бес қағидасын ҚХР премьер-министрі Чжоу Энлай 1953 жылы желтоқсанда Үндістан делегациясымен кездесу барысында ортаға салды. Кейін 1954 жылы маусымда Үндістан мен Бирмаға жасаған ресми сапары барысында Қытай премьері Чжоу Энлай Үндістан және Бирма премьер-министрлерімен бірлескен коммюнике қабылдап, бейбіт қатар өмір сүрудің бес қағидасын ресми түрде жария етті. «Егемендік пен территориялық тұтастықты өзара құрметтеу, басқыншылықтан өзара бас тарту, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, теңдік пен өзара ұтымдылықты қолдау, өзге мемлекеттермен дипломатиялық, экономикалық және мәдени қатынастарды дамыту жолында бейбіт қатар өмір сүру» деп келетін бес қағида 1982 жылы қайта қабылданған ҚХР-ның Конституциясына мемлекеттің сыртқы саяси ұстанымының тірегі ретінде енгізілді.

«Бір тарапқа шығу» саясатын шегелеу үшін ҚХР-ның төрағасы Мао Цзэдун өзінің алғашқы шетелдік сапарын КСРО-ға жасағаны тарихтан белгілі. 1949 жылдың 16-желтоқсаны мен 1950 жылдың ақпан айының ортасына дейін созылған сапарында Төраға Мао КСРО-мен «Қытай Халық Республикасы мен Кеңес Одағы арасындағы достық одақтастық және өзара көмек туралы» және «КСРО-ның ҚХР-на несие беру туралы» сияқты бірқатар маңызды келісімдерге қол жеткізді. Келісім-шартқа сәйкес Кеңес Одағы өзіне 1952 жылдың соңына дейін Қытай Чаңчүн теміржолы мен теміржолға қатысты барлық мүліктерді, және Порт-Артурда (旅顺口 *Lü shun kou*) орналасқан кеңестік әскери-теңіз базасынан өз әскерлерін шығара отырып Дальний қаласының (大连市 *da lian shi*) әкімшілік басқаруын Қытай үкіметіне беру міндетін алды. Сонымен қатар, 5 жыл ішінде Қытайға 1% жылдық өсіммен \$300 млн. заем беретін болып келісілді. [7, 37 б.] Бір атай кететін жайт, 30 жылдық мерзімге жасасқан «ҚХР мен КСРО арасындағы достық одақтастық және өзара көмек туралы» келісімге КСРО атынан сыртқы істер министрі А.Я.Вышинский мен ҚХР атынан сыртқы істер министрі Чжоу Энлай қол қойды. Ал Сталин мен Мао Цзэдун келісімге қол

қоюдан бас тартады. Екі социалистік мемлекет арасында одақтастық орнағанымен, социалистік әлемнің қос көсемі Сталин мен Мао екеуара достық одақтастық орната алмағанға ұқсайды. Аталмыш тарихи кездесудің куәсі, сол кездесулер мен келіссөздерді ұйымдастырудың басы-қасында болған КСРО-ның сыртқы істер министрі Андрей Громыко өзінің мемуарында Сталин мен Мао бірінші кездескеннен-ақ ашық-жарқын шүйіркелесіп кете алмағанын жазады. КСРО сыртқы істер министрі: «үлкен екіліктің» өзара қарым-қатынастарына шынайылық жетіспегендей көрінді,-деп баға береді. [8, 216 б.] Жалпы Мао Цзэдунның орыс халқын жек көретіндігін, американдықтарға ерекше тамсаныспен қарайтындығын ең жақын жандарына айтқанын кей зерттеушілер жазады. [9, 332 б.] Қос көсемнің арасындағы осынау сырт көзге көрінер-көрінбес ызғарсыз сызат Сталин қайтыс болған соң екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастардың сууына алып келгеніне тарих дәлел.

Кеңес Одағының жаңа жетекшісі Н.С.Хрущев 1954 жылдың қыркүйек айының соңы мен қазан айының басында ҚХР-на ресми сапар жасайды. Ресми түрде КСРО басшысы ҚХР-ның құрылуының бесжылдық мерейтойына қатысуға келген болып есептелгенімен, сапардың негізгі мақсаты сызат түсе бастаған орыс-қытай қатынастарын жандандыру болатын. Сапар барысында Хрущев Солтүстік-Шығыс Қытай аймағынан кеңес әскері мерзімінен бұрын шығарылып, Қытай Шығыс теміржолы уақытынан бұрын толықтай ҚХР-ның билігіне өтетіндігін, сондай-ақ Шыңжан өлкесіндегі Қытай мен КСРО-ның бірлесіп іске қосқан компанияларындағы Кеңес Одағының үлесі Қытайға берілетіндігін мәлімдейді. Кеңес Одағының басшысы өз тарапынан жасалған мұндай «жомарттық» Қытайдың КСРО-мен достық қарым-қатынастарын жандандыруға сеп болады деп күткен еді. Алайда Қытай билігі Кеңес Одағының бұл «сыйын» солай болуға тиіс жағдай ретінде қабылдап, екіжақты келіссөздер барысында КСРО-дан Монғол Халық Республикасын (Қытайда «Сыртқы Монғолия» деп атайды) Қытайға беру мәселесін көтереді.[10, 50 б.] Сонымен қатар Мао Цзэдунның КСРО-ға қатысты сылқынқанды ұстанымының одан әрі беки түсуіне себеп болған Н.С.Хрущевтың 1956 жылы 14 ақпанда жасаған «Жеке басқа табынудың зардаптары» атты сыни ревизионистік баяндамасы. Хрущевтың жеке басқа табынушылықты сынауы Қытай елінің күн көсемі, ұлы асыраушысына айналған Мао Цзэдунның да жанды жеріне тиген еді.

Зерттеу нәтижелері

Қытай сыртқы саясатында 1956-1966 жылдар аралығындағы кезең әр түрлі сипатталады. 2009 жылы ҚХР-ның құрылғанына 60-жыл толуына орай шығарылған «Қытай сыртқы саясатының 60 жылы» атты кітапта аталмыш кезең «сыртқы саясаттың реттелу кезеңі» деп бейнеленген.[7, 22 б.] Қытай зерттеушілерінің пайымынша, «бір тарапқа шығу» қағидасы 1950 жылдардың ортасына қарай өз міндетін толықтай атқарып біткен. Елдің ішкі-сыртқы саясатында бір жолды таңдай отырып, Қытай сыртқы саяси дамудың жаңа бір белесіне шықты деп есептейді. Дегенмен, ел сыртқы саясатына арналған көптеген қытайлық еңбектерде бұл кезеңді жекпе-жек өнерінде қолданылатын «қос қолдап ұру» (两个拳头打人 *liang ge quan tou da ren*) терминімен сипаттайды. Яғни «екі тарапта ұрыс салу» дегенді білдіреді. КСРО бастаған социалистік жолды нақты таңдап, ҚХР құрылған алғашқы жылдары Кеңес Одағымен қоян-қолтық Корей соғысында «батыс басқыншыларымен» аянбай күрескен Қытай енді КСРО-ны да өзіне жау көре бастағанын аңғаруға болады. Американдық империализммен бірге кеңестік ревизионизммен күресті Қытай билігі өзіне парыз санады. Шын мәнінде Қытай өзін халықаралық қатынаста әрқашан өзіндік ұстанымы бар жеке-дара маңызды ойыншы санайтындығын байқауға болады. Оған бас-аяғы бес-алты жылға ғана созылған «кеңес-қытай одақтастығы» дәлел. Қытай социалистік әлемде өзін «кіші іні» ретінде ұстай алмайтындығын басынан бастап байқатқанын көреміз. Бес мың

жылдық тарихы бар ұлы өркениет иесі болып табылатын Қытайдың өзгелермен «інілік» қатынаста бола алмайтындығы түсінікті.

Көптеген зерттеушілер қытай-кеңес қатынастарының сууына басты себеп Кеңес Одағы билігінің Сталинге берген сыни бағасы деп топшылайды. Алайда ХХ ғасырдың екінші жартысының басында халықаралық қатынастардағы болған ірі өзгерістерді естен шығаруға болмайды. ХХ ғасырдың 50-жылдарынан бастап Азия, Африка және Латын Америкасы елдерінде тәуелсіздік үшін күрес, отаршылдықтың салдарын жою үдерістерінің басталғаны белгілі. Сонымен қатар Шығыс Еуропада, нақтырақ айтқанда 1956 жылдың жазы мен күзінде Польша мен Венгрия сияқты социалистік лагерь елдерінде антисоветтік оқиғалар орын алған болатын. Бұл құбылыстар Қытайдың сыртқы саяси ұстанымдарының өзгеруіне тікелей әсер етті. Әсіресе 1956 жылғы Суэц каналы төңірегіндегі жағдай Мао Цзэдунның сыртқы саяси тұжырымдарына үлкен әсер еткенін байқауға болады. Мао Цзэдунның «аралық кешен» (中间地带 *zhong jian di dai*) атты сыртқы саяси ойы аталмыш кезең халықаралық қатынастарындағы Қытай сыртқы саясатының басты теориясы болды. «Аралық кешендер» ретінде бірі – Азия, Африка және Латын Америкасы, екіншісі – Еуропа қарастырылды. Қытай билігі аталмыш аймақ елдерінің дербес даму жолдарын таңдауды, бейбіт қатар өмір сүру ұстанымдарын қолдау қажеттігін алға тартты. Бұл Кеңес Одағының «социалистік елдер бір-бірімен тек достық қатынаста емес, одақтас әрі ағалы-інілі қатынаста болу керек» деген ұстанымына мүлде қайшы еді. Жалпы Қытайдың өз ұстанымдарын өзге мемлекетке күштеп тағуға тырыспау әдетін қытай сыртқы саясатының дәстүрі ретінде қарастыруға болады. Бүгінгі Қытай сыртқы экономикалық саясатының табысты болуына осы дәстүрлі сыртқы саяси ұстанымы себеп болса керек. Қытайлық компаниялар мен қытай инвестицияларының әлемнің кез келген елінде айтарлықтай кедергісіз жұмыс жасауы да сондықтан. Батыс мемлекеттерінің қаржы-несиелері өзімен бірге әр түрлі саяси-идеологиялық талаптарын ала келсе, Қытай капиталы тек инвестиция түрінде ғана құйылады. Сонымен қатар, Қытай бизнесі жемқорлық жайлаған экономикалық ортада да өздерін еркін сезініп жатады. Кей жылдары Қазақстанда Қытай бизнесмендерінің мемлекеттік қызметкерлерге пара беру барысында қолға түсіп, қылмыстық жазаға тартылғандары бәрімізге белгілі. [11, 512 б.]

1957 жылдың басында Мао Цзэдун халықаралық қатынастарға бағытталған «үш күш» (三种力量 *san zhong li liang*) концепциясын нақтылай түсті. Үшінші күш болып табылатын Азия, Африка және Латын Америкасындағы езгі көрген ұлттар мен өз тәуелсіздігі үшін күрес жүргізіп жатқан елдерге Қытай жан-жақты қолдау көрсетіп, олармен достық қарым-қатынастарды жетілдіре беру керек деп тапты. КСРО-ға қатысты «өзара қарама-қайшылықтарды кеңесе отырып шешу» ұстанымын ұстанса, АҚШ-тан басқа капиталистік әлем елдерімен бейбіт қатар өмір сүру қағидасын ұстануды жөн көрді.

Қытайдың үшінші әлеммен достық қарым-қатынастарды жетілдіруде басты мақсаты халықаралық қатынастарда Қытай көшбасшы болатын жаңа лагерді қалыптастыру болғаны жасырын емес. Батыс державалары мен КСРО-ны бұрынғы империалистік саясатты жалғастырушы күш ретінде қарап, ғасырлар бойы империализмнен езгі көрген әлемнің бұдан былай өз тағдырларын өздері шешуге құқылы деген ұстанымы үшінші әлем елдерінен үлкен қолдау тапты. ҚХР аталмыш аймақта жаңадан пайда болған мемлекеттердің тәуелсіздігін бірден мойындап, тез арада олармен дипломатиялық қатынастар орнатып отырды. ҚХР құрылған алғашқы жылдары Қытаймен дипломатиялық қарым-қатынастар орнатқан мемлекеттердің саны оншақты ғана болған болса, 1976 жылға дейін Қытаймен дипломатиялық байланысы бар елдердің саны 110-ға жетті. Қытай үшінші әлемнің анық көшбасшысына айнала алмағанымен, аталмыш аймақ елдеріне қатысты жүргізген сыртқы саяси ұстанымының жемісін 1971 жылы БҰҰ-дағы заңды орнын қайтарып алу кезінде көрді. Азия, Африка және Латын Америкасы елдері ҚХР-ның БҰҰ-дағы, соның ішінде БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіндегі орнын иеленген тұста Қытай еліне үлкен қолдау көрсетті. [12] Азия,

Африка және Латын Америкасы елдерімен Мао Цзэдун тұсында орнатылған достық қарым-қатынастар Қытай билігінде бес буын ауысса да әлі күнге дейін жоғары деңгейде қалып отыр. Бас кезінде идеологиялық ынтымақтастық болып басталған достық қарым-қатынастар қазірде миллиардтаған доллар инвестиция мен сауда-саттық байланыстарына айналып отыр. Бұл кешегі Қытай дипломатиясының жемісі екені сөзсіз.

XX ғасыр 60-жылдарының басы жаңа Қытай сыртқы саясатының қиын кезеңдерінің бірі болды. 1962 жылы қазан және қараша айларында ҚХР мен Үндістан арасында шекара бойы соғыстары орын алды. Зерттеушілер аталмыш қақтығыстың басты себептері ретінде Үндістанның он төрт жасар Далай-ламаға өз елінде саяси баспана беруі мен Қытайдың екі ел арасындағы шекара сызығы әлі де ресми белгіленбеген даулы Ақсай-Чин өңірі арқылы жол салу құрылыс жұмыстарын жүргізуді көрсетеді. Алайда үнді-қытай шекара бойы қақтығыстарының Қытай сыртқы саясаты үшін ауыр салмағы көршілес екі мемлекет арасындағы қатынастардың қарулы қақтығысқа жетуі емес, Қытайдың халықаралық қатынастағы жағдайын біршама қиындатып жіберуінде болды. КСРО мен АҚШ арасындағы туындаған Кариб дағдарысы тасасында үнді-қытай шекара дауын өз пайдасына шешіп алуға ұмтылған Мао халықаралық қатынастарда қалыптасқан ауыр жағдайдың негізінде КСРО-ның қолдауына ие боламын деп күтті. Кариб дағдарысы қысқа уақыт ішінде бейбіт түрде шешіледі деп күтпесе керек. Кеңес Одағының қолдауын таппаған соң, әрі АҚШ пен Ұлыбритания Үндістанға қару-жарақ жеткізе бастаған соң ҚХР 1962 жылы 21 қарашада бір жақты оқ атуды тоқтатады. Бұл оқиға онсыз да біртіндеп нашарлап бара жатқан кеңес-қытай қатынастарына үлкен нұқсан келтірді. [13] Қытай төрағасы Хрущевты және КСРО жетекшілерін АҚШ-қа жағу үшін Қытай мүддесін сатып кетті деп айыптаған еді.

Қытай-кеңес қатынастарының одан бетер шиеленісуіне әсер еткен тағы бір оқиға осы 1962 жылы орын алған еді. Бұл Қазақстан мен қазақ халқының тағдыры мен тарихына тікелей байланысы бар жағдай болды. 1962 жылдың сәуір-мамыр айларында ШҰАА-ның Кеңес Одағымен шекаралас өңірі Іле-қазақ автономды округынан әр түрлі ұлт өкілдері (қазақ, ұйғыр, татар, дүнген, өзбек) қазіргі Қазақстан территориясына өтті. Бұған бірқатар себептер әсер еткен еді. Қытай үкіметінің елдің батыс өңірін қытайландыру саясаты, яғни төте жазуды латын әрпіне көшіру, ішкі аймақтардан көшіріліп әкелінген ханьдықтардың мал өрістерін тарылтуы, сонымен қатар «Үлкен секіріс» кесірінен ашаршылық пен жоқшылыққа ұрынған өңірлердің қиын экономикалық жағдайы. Алайда бұл тұста Қазақстанға өткен қазақтардың көбісі кезінде Голощекин зобалаңы кесірінен Қытайға өтіп кеткен ҚазақССР азаматтары болатын. Ол кезде Қытай мен КСРО арасындағы шекара номинальды болғанын білеміз. ҚХР-ның орталық билігі аталмыш жағдайға Кеңес Одағы консульдық қызметкерлерін кінәласа, Мао Цзэдун бұған КСРО мемлекеттік қауіпсіздік органдары арнайы ұйымдастырған акция деп баға берді.

Қытай сыртқы саясатында «мәдени революция» жылдары «бір сызық, бір алқап» (一条线一大片 *yì tiáo xiàn yì dà piàn*) деген атпен сипатталады. Бұл кезеңді зерттеушілер қытай сыртқы саясатының «ультрасолшыл ұстанымы» басым алған кезең деп есептейді. Аталмыш кезеңнің бас кезінде Мао Цзэдун «кеңес ревизионизмі мен американдық империализмге» қарсы күресті Қытай сыртқы саясатының басты өзегі ретінде атады. «Мәдени революция» жылдарындағы Қытай Коммунистік Партиясының алғашқы құжаттарында Қытай басшылығы «әлемдік революция дамуының жаңа дәуірі басталды» деп көрсетті. [7, 35 б.] Соның ішінде, әсіресе 1970-жылдардың басынан бастап, Қытай сыртқы саясатының басты ұстанымы «заманауи кеңестік социал-ревизионизммен» күрес деп пайымдады. Яғни «қос қолдап ұру» саясатынан біртіндеп ауысып, сыртқы саясатта «ортақ майдан» құруға ұмтылғанын байқаймыз.

Мәдени революция жылдары Қытай тарихы үшін ішкі саясаттың тоқырауға тап болған кезеңі ғана емес, мемлекеттің сыртқы саясаты үшін де аса қиын жылдар болды. Осы

жылдары Қытай мен Кеңес Одағы ара қатынастары ашық қақтығыстарға дейін жетті. 1966 жылдың тамыз айынан бастап Пекиндегі КСРО елшілігі үздіксіз қоршауға алына бастады. Пекин жастары мен әскерилер дауыс ұлғайтқыштар көмегімен елшілік қызметкерлеріне қыспақ көрсетіп, өмірлеріне қауіп төндірді. Кеңес Одағы Қытайдағы елшісін кері шақыра отырып, елшілік және ҚХР-дағы КСРО сауда өкілдігі қызметкерлерінің әйел, бала-шағаларын елден шығарып алды. 1967 жылдың ақпанынан бастап елшілік қызметкерлері Пекин көшелеріне шығудан қалды. Себебі Қытай билігі елшілік қызметкерлерінің өмір қауіпсіздігіне кепілдік бере алмайтындықтарын ашық айтқан еді.

1968 жылы ҚХР құрылғаннан кейін КСРО мен Қытай арасында алғаш рет сауда келісімдері жасалған жоқ. Екі ел арасындағы сауда жекелеген тауар түрлеріне жасалған келісімдер негізінде жүргізіле бастады. 1970 жылы ҚХР мен КСРО арасындағы сауда айналымы тарихтағы ең төменгі деңгейге жетіп, бар болғаны 41,9 млн. рубльді құрады. [14]

1968 жылы социалистік әлем елдерінің бірі Чехословакияда болған Прага көктемі оқиғасын Мао Цзэдун КСРО-ға қатысты сыртқы саяси ұстанымына қару ретінде пайдалануға тырысты. Кеңес әскерлерінің Чехословакияға енгізілуін Мао Москваның Қытайдың ішкі істеріне араласуы мүмкін екендігін дәлелі ретінде көрсетті. 1968 жылы 30 қазанда Чжоу Энлай «Кеңес Одағынан нені күтуге де болатынын, тіпті Қытайға қарсы соғыс ашуы мүмкін екендігін» ресми мәлімдейді.

Бұл кезде Қытай мен КСРО арасындағы теке-тірес тек ресми мәлімдемелерде ғана көрініс тапқан жоқ. Екі мемлекет арасындағы шекара бойында, әсіресе Уссури өзені бойындағы жағдай да шиеленісе түсті. Қытай төрағасының мұндай өктем әрекеттерге баруына қытай қарулы күштерінде болған үлкен оқиғаның әсер еткенін атаған жөн. ҚХР 1967 жылы маусым айында алғаш рет сутегі бомбасын сәтті сынақтан өткізген еді. Бұл Қытай билігінің өз-өзіне сенімділігін арттырғаны рас.

Қытай сыртқы саясатындағы шиеленісті жағдай тек КСРО-мен ғана болған жоқ. «Мәдени революция» бастала салысымен Қытай өзінің барлықдерлік шетелдегі елшілерін кері Пекинге шақырып алды. «Мәдени революция» тұсында Қытай өзінің бұған дейін ресми түрде дипломатиялық қатынастар орнатқан көптеген елдерімен қарым-қатынастары шиеленісті жағдайға жетті. 1967 жылы тамызда ондаған мың адам Ұлыбритания өкілдігін қоршап алып, қызметтік ғимараттарын өртеп жіберді. Революцияшылар Болгария, ГДР, Вьетнам, КХДР, Монголия, Польша, Чехословакия сияқты «социалистік одақтас» мемлекеттердің елшілігіне, дипломаттары мен корреспонденттеріне де қыспақ көрсетсе, басылымдарда Қытай билігі барлық социалистік елдерді «ревизионизмге» кінәлады.

Үшінші әлем елдері ішінен «мәдени революционерлердің» ерекше қаһарына Үндістан ілікті. Себебі 1967 жылы тамыз-қыркүйек айларында үнді-қытай шекара бойында тағы да ірі қарулы қақтығыстар орын алған еді. Пекиндегі Үндістан елшілігі «революциялық тобыр» тарапынан қыспаққа ұшырады. Сондай-ақ ресми Пекин 1963 жылы құрылған Малайзия Федерациясын да таныған жоқ. Ал 1967 жылы Малайзия мен КСРО арасында дипломатиялық қатынастар орнаған кезде Пекин бұны «ревизионистік Кеңес Одағы реакцияшыл Малайзиямен бірлесе отырып, Қытайды құрсауға алмақшы» деп сипаттады. Сонымен қатар ҚХР бұл кезеңде капиталистік елдермен де, әсіресе Ұлыбритания және Франциямен онсыз да әлсіз қарым-қатынастарын одан әрі қиындатып алды. Бұған дейін кең ауқымды экономикалық байланыстар орнатқан Жапониямен де қатынастары нашарлап кетті.

Қытай мен КСРО арасындағы шекара бойы ашық қарулы қақтығыстар 1969 жылдың наурызында Даман аралы бойында орын алды. Әскери әрекеттердің басталуына екі мемлекеттің ресми билігі бір-бірін кінәлағаны белгілі. Алайда бүгін кей қытай тарихшылары соғысты қытай тарабы бірінші болып бастағанын мойындайды. Тіпті Қытай КСРО-мен соғысқа 1968 жыл бойы тыңғылықты дайындалғаны айтылады. Осы жылы тамыз айында дәл сондай шекара бойы кеңес-қытай қарулы қақтығысы қазақ-қытай шекарасында, Жалаңашкөл

аймағында орын алды. Бұдан әрі Қытай басшылығы Кеңес Одағымен қарулы ойын ойнағанын доғарады. Қытай билігі КСРО-мен ұзаққа созылар қанды қырғынға дайын болмаса керек. Алайда бұл қарулы қақтығыстар жалпы халықаралық қатынастарда үлкен өзгеріске алып келді.

Қытай-кеңес қарым-қатынастарының ашық қарулы қақтығысқа ұласуы Батыс әлемінің ҚХР-на қатысты ұстанымының күрт өзгеруіне әкелді. 1969 жылдың қарашасында АҚШ Тайвань бұғазын патрульдеуді тоқтататындығын ресми жариялайды. Кейіннен 1970 жылдың 8 қаңтарында Варшавадағы АҚШ елшілігінде елшілер деңгейіндегі АҚШ пен ҚХР арасындағы келіссөздер өтеді. Нәтижесінде АҚШ мемлекеттік департаменті қытайлық кейбір тауар түрлерінің Америкаға экспортталуына рұқсат береді. Өз кезегінде ҚХР төрағасы Мао Цзэдун американдық журналист Э.Сноуга АҚШ президенті Р.Никсонмен жолығуға дайын екендігін мәлімдейді [15].

1971 жылы наурызда американдықтардың Қытайға баруына рұқсат берілсе, 14 сәуірде ҚХР-на қойылған сауда эмбаргосы алынып тасталды. Сонымен қатар, АҚШ үкіметі ҚХР-ның Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі ретінде БҰҰ-ндағы құқығын қалпына келтіруге қарсы емес екенін білдіреді. Тек Бас Ассамблеяда Тайваньның орны сақталып қалуын шарт етіп қояды. Алайда 1971 жылы 25 қазанда БҰҰ Бас Ассамблеясының басым даусымен Тайваньды БҰҰ-нан шығара отырып, ҚХР-ның БҰҰ-дағы құқығы толық қалпына келтіріледі. Бұл Мао Цзэдунның үшінші әлемге қатысты ұстанған «үш күш» саясатының жемісі екені анық. Сондай-ақ 1971 жылы Г. Киссинджердің Пекинге жасаған екі құпия сапары нәтижесінде 1972 жылдың ақпанында АҚШ президенті Р.Никсонның Қытайға ресми сапары орын алып, екі мемлекет арасында жоғары деңгейлі қарым-қатынастар орнады.

Қорытынды

Мао Цзэдунның тұлғасы қарама-қайшылықтарға толы екеніне тарих куә. Бір қарағанда жан-жағының бәрін жау көрген, ешкіммен шынайы қатынас орнатпайтын, соғысқұмар тұлға көрінгенімен, Маоның Қытайдың қазіргі деңгейге жетуіне қосқан үлесі айрықша екенін мойындау керек. Ел экономикасы мен халық тағдырына орасан зор қасірет әкелген «Үлкен секіріс», «мәдени революция» сияқты авантюристік саясаттарын есептегенде, сыртқы саясатта халықаралық қатынастардағы жағдайды Қытай мүддесі үшін аса оңтайлы пайдалана білгеніне көз жеткізуге болады. Мао билік еткен ширек ғасырлық уақыттағы қытай сыртқы саясатын «бір тарапқа шығу», «қос қолдап ұру», «бір сызық, бір алқап» деп үш кезеңге бөлер болсақ, әр сыртқы саяси концепция сол кездегі халықаралық жағдай талаптарына жауап бергендігін, кейде ойын ережесін өзі өзгерткендігін байқаймыз. ҚХР құрылған алғашқы жылдары «социалистік әлем жағына шыға» отырып КСРО-ның көмегімен ел іргесін бекітіп, қорғаныс саласын күшейтіп алса, 1960 жылдары КСРО-дан біртіндеп алшақтап, екі әлемнің арасында саяси ойын ойнады. Үшінші әлем саясаты арқасында биполярлық әлемдік құрылымға өзгеріс енгізе отырып, Қытайды алдымен аймақтық державаға айналдырса, артынан Қытайдың біртіндеп «тәуелсіз әрі дербес» жаһандық полюске айналуына жол бастады. 1960 жылдардың соңын ала үнді-қытай, кеңес-қытай шекара бойы қарулы қақтығыстары сияқты шығыны аз шиеленістерді ұтымды пайдалана отырып, ешқандай саяси-идеологиялық ұстанымдарын өзгертпей-ақ АҚШ бастаған Батыс әлемімен тең құқылы қарым-қатынастар орнатты. Осылайша Мао Цзэдун өмірінің соңына қарай Батыспен тең деңгейлі қарым-қатынастар орнатып кетпегенде 1978 жылы Дэн Сяопин «есікті бірден ашып жібере» алар ма еді. Егер Мао Цзэдун билігінің соңына дейін сыртқы саясатта «бір тарапқа шығу» тұжырымын ұстанып қалғанда Қытай 1990-жылдары КСРО-мен бірге құлар ма еді. Ондай жағдайда бүгінгі халықаралық қатынастардың қандай боларын елестетудің өзі қиын. Демек Қытай билігінің бесінші буыны Си Цзиньпиннің «Қытай арманы» бүгіннен бетер алшақтай түсер еді.

Әдебиет:

1. Ian Morris. Why the West Rules – for Now. The patterns of history, and what they reveal about the future. – New York: Farrar, Straus and Giroux, 2010. 720 p.
2. Angus Maddison. Chinese Economic Performance in the Long Run, 960-2030 AD, Second Edition, Revised and Updated. - OECD Development Centre, 28 Sep 2007. 196 бет.
3. 习近平: 历史是最好老师 给每一个国家未来的发展提供启示. – http://news.xinhuanet.com/2014-03/29/c_1110007614.htm [Electronic source]
4. Constitution of the People's Republic of China.
5. Ж.Кәрібжанов, Н.Мұқаметханұлы. Қытайдың сыртқы саясаты және Қазақстанмен қатынасы (2000-2010 жылдар). – Алматы: «Қазақ университеті», 2013. 254 бет.
6. 谢益显. 中国当代外交史 (1949-2009). – 中国青年出版社, 2009年. 562 页.
7. 王逸舟, 谭秀英. 中国外交六十年: 1949-2009. – 北京: 中国社会科学出版社, 2009 年. 280 页.
8. А.А.Громыко. Памятное. Испытание временем. Книга 2. – Москва: ЗАО Издательство Центрполиграф, 2016. – 560 с.
9. М.Ж.Абдиров. Китай в современном глобальном мире. – Алматы: «Қазақ университеті», 2013. 422 с.
10. Ю.М.Галенович, Два «первых лица»: Хрущев и Мао Цзэдун. – Москва, Институт Дальнего Востока РАН, 2012. 322 с.
11. А.Далелхан. Қытай Халық Республикасының «жұмсақ күші» және оның қазақ-қытай қатынастарында алар орны // Жылсайынғы жас ғалымдарға арналған «Интеллектуалды көшбасшылық: Қазақстан дамуының жаңа кезеңі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы материалдарының жинағы. I том. – Астана, 26.02.2016. 511-516 беттер.
12. 贤 齐 . 毛 泽 东 外 交 思 想 及 其 成 就 浅 析 . http://www.china.com.cn/guoqing/maozedong/2011-12/23/content_24232748.htm [Electronic source]
13. 蒋丽平. 毛泽东关于三个世界划分理论与二十世纪七十年代中国外交战略调整 // 《当代中国外交》 – 中央文献出版社, 2007年, 第548页
14. Ю.М.Галенович, История взаимоотношений России и Китая (в 4-х книгах), книга 3-я, Москва, «Русская панорама», 2011.
15. Kissinger H. On China. - Penguin Books, 2012. - 624 p.

References:

1. Ian Morris. Why the West Rules – for Now. The patterns of history, and what they reveal about the future. – New York: Farrar, Straus and Giroux, 2010. 720 p.
2. Angus Maddison. Chinese Economic Performance in the Long Run, 960-2030 AD, Second Edition, Revised and Updated. - OECD Development Centre, 28 Sep 2007. 196 p.
3. Xijiping: Lishi shi zui hao laoshi gei mei yige guojia weilai de fa zhan tigong qishi. [The speech of the President of the PRC Xi Jinping in front of the Korb Foundation during his visit to Germany on March 28, 2014.] – http://news.xinhuanet.com/2014-03/29/c_1110007614.htm (in Chinese) [Electronic source]
4. Constitution of the People's Republic of China.
5. Zh. Karibzhanov, N. Mukamethanuly. Kytaidyn syrtyky saiasaty zhane Kazakhstanmen katynasy (2000-2010 zhyldar) [China's foreign policy and relations with Kazakhstan (2000-2010).] - Almaty: "Kazakh University", 2013. 254 pages. (in Kaz)
6. Xie Yixian. Zhongguo dangdai waijiao shi (1949-2009) [History of Contemporary China's Diplomacy (1949-2009).] – China Youth Publishing House, 2009. 562 pages. (in Chinese)

7. Wang Yizhou, Tan Xiuying. Zhongguo waijiao liushi nian: 1949-2009 [Sixty Years of Chinese Diplomacy: 1949-2009.] – Beijing: China Social Sciences Press, 2009. 280 pages. (in Chinese)
8. A.A.Gromyko. Pamjatnoe. Ispytanie vremenem. Kniga 2. [Memorable. Test of time. Book 2.] – Moskva: ZAO Izdatel'stvo Centrpoligraf, 2016. – 560 s. (in Russ)
9. M.Zh.Abdirrov. Kitaj v sovremennom global'nom mire. [China in the modern global world] – Almaty: «Қазақ университети», 2013. 422 s. (in Russ)
10. M.Galenovich, Dva «pervyh lica»: Hrushhev i Mao Czjedun. [Two “first persons”: Khrushchev and Mao Zedong.] – Moskva, Institut Dal'nego Vostoka RAN, 2012. 322 s. (in Russ)
11. A. Dalelkhan. Kytai Khalyk Respublikasynyng “zhumsak kushi” zhane onyng Kazakh-kytai katynastarynda alar orny [“Soft power” of the People's Republic of China and its place in Kazakh-Chinese relations] // Collection of materials of the annual international scientific-practical conference "Intellectual leadership: a new stage of development of Kazakhstan" for young scientists. Volume I. - Astana, 26.02.2016. Pages 511-516. (in Kaz)
12. Xian Qi. Maozedong waijiao sixiang ji qi chengjiu qian xi [A brief analysis of Mao Zedong's diplomatic thought and its achievements.] http://www.china.com.cn/guoqing/maozedong/2011-12/23/content_24232748.htm (in Chinese) [Electronic source]
Романның атына арқау болып тұрған «Ақбоз үй», романдағы негізгі кейіпкердің бірі Пахраддиннің үйі ретінде суреттелгенімен, шындығында бұл символдық мағынада келген қазақтың киелі шаңырағы, құтты мешін ақбоз үйі еді. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген атышулы саяси науқанның салдарынан қаншалаған қазақтың ақбоз үйі – қарашаңырағы ортасына түсті. Әпербақандардың қиянатынан ашаршылыққа ұшырап, кең дала қанды қасапқа айналып, бейуаздардың сүйегіне толды. Міне, осы тарихи шындықты жазушы С. Елубай «Ақбоз үй» трилогиясы арқылы көшелі суреткерлігімен, мол шындығымен халық жүрегінде өшпес ескерткішке айналдырды. Және де «Ақбоз үй» романының құндылығын арттырып тұрған маңызды мәселе – жазушының суреткерлік парасатының қуаттылығы еді. Не айтса да, нені суреттесе де шынайы да, жинақы «Сығымдап» жеткізуі болатын. Суреткерлік дегеніміз сұлу сөздерге тізгін беріп, не болса соны суреттей беру емес, шығарманың идеясына тіке қызмет ететін сұрыпталған сюжеттерді көркем тілмен қысқа, жинақы, дәл бере білу. Ал, оны қалай жеткізу жазушы парасатының, қалам қуатының еркінде. Сондай-ақ, тарихи шындықты көркем шындыққа айналдыруда да қаламгер парасатына, шеберлігіне жүгінеді. Әйтпесе, қанша жерден ақиқаты мол оқиға болғанымен оны тийіптік сипатқа ие маңызды фактілерге құрып, көркемдік сүзгіден өткізбесе, парасат биігінде тұрып сараптай алмаса, ол шырайлы шымыр ғұмырлы еңбекке айнала алмайды. «Ақбоз үй» міне осы талаптан шыға алған роман.

Алғашқы сөйлемінен бастап, соңғы нүктесіне дейін тұтас роман трагедияға, аянышты халге толы. Бірде кінәсіз, момын, қауқарсыз халықтың басындағы жағдайға күйініш

білдірсең, енді бірде жауыздардың қолшоқпарына айналып, ел үстінен күн көрген әкімшіл жылпостарға кектенесің. Кеңестік қитұрқы саясат қанында тектілік, ісінде пәтуа жоқ қарасирақ көркеуде кедейлерді айқұлақтандырып құтыртты. Түбін ойламас байыпсыз ұрдажықтарды алға салып, салсойылға құрық беріп, дүниенің астан-кестенін шығарды. Романда елді ойран еткен бұл оқиғалар Бұқарбай, Ждақай, Жорға күрең образдары арқылы анық ашыла түседі. Ждақай – қоста туып, ас үйде өскен, аузы асқа, өзі тәрбиеге жарымаған құлша еді. Оны заман «Желі» есіртті. Тегіне кісілік бітпеген қарасиырақ құл баласы нағыз салсойылға айналып, тасжүрек жауыз, сұмдық сауған жалақор болып жетілді. Құлды иесінен зор еткен заманның нағыз қанды тырнақ түлегі боп «Тұғырға» қонып, мөр ұстады. Өз басының қамы үшін ежеттес ағайын-туысын, асын ішкен ауылдасын жалалы етіп, жарға соқтырып зар еңіретті. Халыққа қиянат жасау да әкесі Жорға күреңнен кем соқпады. Жорға күрең – заманның құлына айналған екжүзді сұмкелбет сұрқиялардың тійптік образы. Ал, Бұқарбай, Сүржекей, Қозыбағар сияқтылар да өз алдына дара мінезге ие кейіпкерлер еді. Бұлар амалсыздан заманның ыңғайына бағып, күні үшін күлік жеген, жоғарының қолшоқпары болған бейшара жандар. Ойламсыз, тексіздігі оларды обал сауапты білмейтін жалақор сұмдарға айналдырды. Көлдің тақырға, байдың пақырға айналған аласапыран заман олардың шынайы кесіпірін аша түсті. Әділет қан-қақсап, кісілік аяққа тапталғанда мұндай адамдар бір мезгіл дәурендеген сияқты көрінгенімен олардың күні батар сәт алыс емес еді. Түнектен кейін жарқырап туар алтын сәулелі арайлы таңның келерін кедей-кешшелерде ұғатын сана, саңлау жоқ еді. Сонымен бірге, жазушы сол заманның саяси-әлеуметтік, қоғамдық жағдайын терең зерттеп танығандығы осы жағымсыз кейіпкерлердің образын сомдауда байқалады. Қазақы ортада өскен ауыл баласын заманның қалай аздырып, психологиясын, мінез-құлқын қалай өзгертіп жібергеніне дейін айнытпай көрсетуге тырысады. Бар кінәнің түпқазық себебі Кеңес үкметінің солақай саяси жүйесінде жатқандығын айпарадай ашып береді.

Дүниенің бір беті қараңғы болса, келесі беті жарық болатыны табиғи заңдылық қой. Сол сияқты бұл жағымсыз кейіпкерлердің күрес нысанасына айналған жарқын характерлер Пахраддин, Лабақ ахұн, Бұлыш, Сырға, Дәу апа, Хансұлу, Шеге, Балқиялар еді. Жазушы оқиғаны тартымды тартыстарға құра отырып, кейіпкерлер мінезін даралай түсуге айрықша көңіл аударып, зор құлшыныс жасаған. Пахраддин – елге қамқор болған көреген, парасатты ауыл билерінің образы. Не істесе де аймағымен ақылдасып, жеті ойлап бір кесетін сабырлы да салмақты тұлға. Оқиғаны да, тоқығаны да көп, әрі кісілік болмысымен айналасына сыйлы адам. Әкесінен қалған шағын дәулетті дөңгелетіп, ел қатарлы тірлік кешіп келе жатқан Пахраддинның басына, бір ақ күнде аунап түскен сұрқай заман қара бұлт үйірді. Бір сәтте ақ халы есігіндегі жаман жәутік жалшы Қозыбағардан төмен күйге ұшырады. Сол солақай науқан оны ақыры түңілдіріп, сілікпесін шығарып азап пен аштықта, айдалада ажал құштырды. Пахраддинның трагедиясы – қазақ халқының басындағы ортақ хал еді. Қаншалаған жазықсыз жандар ит қорлық көріп, ашытықтан қырылды, Кеңестік жүйенің құрбанына айналды.

Романның әр кейіпкері өзіне тән мінездерімен есте қалады. Соның бірі Пахраддинның жары Сырға. Оның нағыз қазақ әйелдеріне тән жан сүйінерлік асыл қасиеттері, ерінің мінезін, көңіл-күйін қас-қабағынан танитын сұңғылалығы, үлкен кішіге бірдей мейірбандығы, кісілік тұлғасы, сыр- сымбаты романда әсерлі суреттеледі. Өжет те, ер мінезді Балқия образы да тіпті өзгеше әсерлі. Қуғын көріп, иен құмда жүрсе де тійттей жасымайды. Оның бар сенері, сүйенері тек мерген Бұлыш, шойынқара Бұлышы еді. Ол барда Балқияны ашаршылық та, қуғындаған жау да жасыта алмады. Бұлыш қасында өткен күндері қайта оған ажар қосып, айдындандыра түсті. Сөйткен бақыты қапыда қазаға ұшырап, тірегі құлады. Нар тұлғалы қайран Бұлыш батыр Кеңес үкіметінің сойылсоқ қуғыншыларының қолынан қаза табады.

Бұлыштан басқа дүниені керек етпейтін сұлу Балқия бұл қасіретті көтере алмай жынданып, құлатұзде қаңғып өледі.

Романда тағдыры аса күрделі кейіпкерлердің бірі Хансұлу мен Шеге. Бұлар үшін өмір қасірет пен азапқа, зұлымдық зұлматқа ғана толғандай. Көрмеген қорлығы, тартпаған азабы қалмаған сорлы жандардың тағдырына жүрегің езіле күйініш білдірмей, күрсінбей тұра алмайсың. Туабітті текті, тақаппар, хан қызындай қадырлы Хансұлу тұлғасы романның көркемдік табысы ретінде бағаланады. Жазушы Хансұлу образы арқылы қазақ қыздарының көркем бейнесін жасайды. Хансұлу сұлулығымен ғана емес, өнерлі, қайсар, қажырлы тұрпатымен, кісілік қырларымен көрген жанды еріксіз тәнті етті. Ал, Шеге – мұқалмас жігердің адамы. Жалалы болып, түрмеде кинаудың жан төзгісіз небір түрлеріне жолыққанда да ол өмірден үмітін үзбей, әділет күтеді. Сынбас, майспас мықшеге мінезімен азапқа төзеді. Бірақ, есіл ердің аяулы ғұмыры түрмеде аяқтайды. Романда есте қаларлық тағы бір сом тұлғалы характер – Дәу апа. Арғы аталарынан батырлық, бегзаттық жалғасқан Дәу апаның да ешкімге ұқсамайтын болмысы көз тартады. Ашаршылыққа да, қиншылыққа да, тіпті қарсы келген қазаға да мойымайтын қайсарлығы, жауға есесін жібермейтін ұрт мінез батырлығы ұлы Бұлыштың бойынан да көрініс береді. Көз алдыға, досқа мейірбан, адал ауыл әжелерін елестетеді. Жалғыз немересі Едігені етегіне орап бағып, соған ғана үміт артып тірлік жібі үзілмей келе жатқан қарт әжеге де жала жауып, зымияндықпен қаралап түрмеге тығып, азаптап өлтіреді. Романдағы Лабақ ахұн образы адамгершіліктің асқақ бейнесіндей болып елестейді. Ол өшпес, сарқылмас халық парасатының жиынтық бейнесі, әділеттің, имандылықтың үзілмес тұғыры, асыл қасиеттерді келешектің жарқын жолына бастаушы спетті жан.

«Ақбоз үй» романында тұлғаланбаған кейіпкер жоқтың қасы. Әр характер өзіне тән мінезге, ерекшелікке ие. Жазушы қоғамдық өмірдің шындығын жай баяндап, суреттеп жеткізбейді, көркемдік жинақтаудан өткен тийптік характерлер арқылы көрсетіп береді. Кейіпкерлердің портретін, жандүниесін, басынан кешкен тағдырын, сан салалы өмірін, өзіне тән дара ерекшеліктерін, әрі сол кезеңнің, қоғамның сипатын танытатын соқталы оқиғаларын баяндай отырып, тарихи шындықтардың сырларын ақтарады. Кейіпкерлердің тийптік бейнесін суреттемей, дараламай – қоғамдық өмірдің саяси-әлеуметтік мәні жан-жақты ашылмайды. Көркем бейненің тийптік қасиет-сипаты неғұрлым арта түскен сайын, оның өмір ақиқатын танытарлық қуаты да солғұрлым нығая түседі. С. Елубайдың «Ақбоз үй» трилогиясындағы кейіпкерлер образы бізге міне осындай заңдылықты түсіндіреді. Романдағы кейіпкерлер тұлғасының даралануы – негізгі оқиғаның өрбуімен өзектес дамып отырады да, романның тұтастығына, идеялық арқауының шымырлануы үшін қызмет атқарады.

XX ғасырдың басындағы қазан тоңгерісі, тәркілеу мен колхоздастырудан туындаған жаппай ашаршылық жағдай, қазақ зиялыларын түгелдей «Халық жауы» деп қуғындауы, отан соғысы, 1986-жылғы желтоқсан қозғалысы секілді қазақ халқы басынан кешкен жан түршігерлік қанды оқиғалар қазақ қаламгерлерін ешқашанда бейжай қалтыра алмады. Соншама қорлық көрген халық өз тарихын түгендеуге, өз туған жерінің азаттығы үшін күрескен ерлердің өткенін еске түсіруге құқықты еді. Сондықтан да XX ғасырдың көркем тарихи суреттерін жасаған романдардың дені аталған тақырыптарға арналды. Осы қатарда, бұл тақырыптарды жан-жақты шынайы суреттеген Әнес Сарайдың «Еділ-Жайық», Адам Мекебаевтың «Қазына сыры», Бексұлтан Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай» романдарын атауға болады.

Бексұлтан Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай» [3] романының идеялық өзегі – 1916-жылғы Албан көтерілісі мен ашаршылық кезіндегі біраз оқиғаларға құрылған. Жазушы аталған кезеңдердің тарихи шындығын архив материалдарына сүйене отырып суреттейді. Роман авторы Қапез, Самсалы, Дәулетбай, Губзев, София сияқты кейіпкерлердің өмірде

болған адамдар екенін, әрі бұл кейіпкерлердің басынан кешкен оқиғаларды да боямаламай шын қалпында көрсеткенін айтады. Нақты деректерге, тарихи адамдардың жазып қалдырған естеліктері мен құжаттарына сүйене отырып, Кеңес үкіметінің қазақ халқына жүргізген аяусыз жазалауы, зорлықшыл әрекеттері тарихи шындық негізінде айнытпай көрсетіледі.

Әрине, көркем шығарманың теориялық заңдылықтары бойынша айтқанда, көркем әдебиет ең алдымен көркемдік жинақтаумен, тийпестірумен, психологиялық талдаудың әр алуан көркемдік құралдарымен боямаланып, әсіреленіп келетіні шындық [14, 87]. Онсыз ол көркем шығарма болмайды. «Әй, дүние-ай» романының бас кейіпкерлері Шәйі мен Тазабек – қазақ халқының басындағы жағдайдың көркемдік тийпестірілуімен жасалған жиынтық образдар. Шәйі мен Тазабек тағдыры – қазақтың сол кездегі басынан кешкен халдың айнасы еді. «Әй, дүние-ай» романы «дейін», «кейін», «түйін» деген үш үлкен сюжеттік бөлектен тұрады. Бірінші бөлекте, 1916-жылы Ресей патшасының «Қазақтарды майданның қара жұмысына әскерге алу жарлығы» түсіріледі. Адамды ажалға айдайтын бұл бұйырықтан Нарынқол өңірін жайлаған Албан руларының зәресі ұшып үрке қашады. Орыстар қойдай үріккен қорғансыз, әлсіз бұқараны оққа ұстап қырып салады. Үріккен ел жан сауғалап Нарынқолмен іргелес жататын Қытай еліне қарасты Мұңғұлқұре, Текес өңірлеріне қарай көшеді. Көшкен елді орыс әскерлері қуып жетіп қырғындаса, шегара маңынан мұңғұлдар тосып тонайды. Сөйтіп, бейуаз бұқараның қаны судай шашылады. Бұл оқиғалар «Албан көтерілісі», «Қарқара оқиғасы» деген атпен тарихта қалды. Міне, романның бірінші бөлімінде қырғыншылыққа ұшыраған халық басындағы осы аянышты оқиғалар шынайы, әсерлі суреттеледі. Мысалы, орыс ұлықтары Жәмеңке, Ұзақ, Әубәкір, Серікбай сияқты ел ағаларын «Ақылдасамыз» деп алдап шақырып қамап тастайды. Ел ағаларын босатуды талап қылған жұртшылықты «Көтеріліс жасамақшы» деп айыптап, халыққа оқ жаудырып атқылайды. Үрейі ұшқан халықты аяусыз қырғындауға көшеді. Фон берг бастаған жазалаушы отряды бейбіт-бейғам жатқан ауылдарды қырып-жойып, өртеп, мал-мүліктерін тонайды. Қыздарды зорлап, екіқабат әйелдер мен балаларды кескілеп өлтіргендігін, жан сауғалап қашқан халықты қуалап жүріп қырғындағаны романының бұл бөлігінде әсерлі әңгімеленеді.

Романның бұл бөлегінде («дейін») тарихи шындықтар көркем образдар арқылы суреткерлікпен әсерлі ашыла түскен. Албан көтерілісі кезіндегі қазақ басына түскен машақатты тағдырды жазушы бас кейіпкерлер – Шәйі мен Тазабек образына жинақтайды. Шәйі тағдыры – Сол кездегі қазақтың тағдыры. Қорғансыз, әлсіз халықты зорекерлер басынып жүндей түтті. Жазушы сол түстің қоғамдық жағдайын Шәйі мен Тазабектің басына жинақтап соны, кесек характер ретінде терең бейнелеп бірталай көркемдік ізденістер жасайды. Шәйінің мінезі, көркі, отбасына мейірбандығы, сондай-ақ, азаматын айырықша ардақтауы, үлкен-кішіге бірдей жанашыр болуы романда айырым эпизоттармен суреттеліп айшықтала түскен.

«Әй, дүние-ай» романының ең негізгі идеялық тақырыбы – Албан көтерілісінің тарихи шындығын, дәуірлік астарын ашу. Жазушы нақты деталдармен сол кезеңнің шынайы жағдайын жекелеген кейіпкерлер тағдыры арқылы халық басындағы халды суреттейді. Бұл кезеңдегі тарихи оқиғалар қазақ халқының өміріндегі келелі мәселе болғандықтан да оның ауқымдылығы мен маңыздылығы зор болды. Сол себепті 1916-жылғы тарихи оқиғалар Шәйі мен Тазабек сияқты бірқаншалаған кейіпкерлердің басына жинақталып көрсетілгенімен, іс жүзінде, бір дәуірдің тарихи шындығын көркем жинақтап көрсету үшін бұл және де жеткіліксіздік етеді. Халық тарихына бұрылыс әкелген немесе ірі оқиғалардың туылуына тіке себепкер болған қоғамдық мәселелер мен әлеуметтік топтар тудырып отырған күрделі барыстарды, қоғамдық қайшылықтарды, ел, халық өміріне байланысты әр алуан өзекті оқиғаларды кең қамтып, жан-жақтылы суреттеп пайымдауға, сол арқылы қоғамдық-әлеуметтік өмірдің, қилы кезеңнің тарихи шындығын көптеген кесек кейіпкерлер, жоталы

характерлердің қым-қиғаш күрделі өмірі арқылы терең суреттеп беруі керек. Бұл жағынан келгенде, романының бірінші бөлімінде жазушы Б.Нұржекеұлы Шәйі мен Тазабектің образын жасауда, әрі осы арқылы тарихи дәуірдің шындығын ашу да бір талай сәтті қадамдарға бара алған деуге болады.

Романның «Кейін» деп аталатын екінші бөлімінде 1916-жылғы бұл оқиғалар аяқталғаннан кейінгі яғни орыс патшалығы құлап, Кеңес үкіметі орнағаннан кейінгі қоғамдық-әлеуметтік жағдайлар орын алады. «Көлхоздастыру» деген атпен халық қолындағы малды тігерге тұяқ қалдырмай жинап алып, күнкөрісі малға сүйенген халықты ашаршылыққа ұшыратады. Ел ішіндегі өнерлі, көзі ашық адамдарды саяси қуғын-сүргінге ұшыратып қырғындайды. Бұл бөлімдегі оқиғалар негізінен өз айналасындағы ауылдарға, ағайын-туысқа сүйеніш болған Тазабектің қайсар да, қажырлы, ойлы азаматтық тұлғасын көрнектілендіруге құрылады. Мәселен, Тазабек ашаршылыққа ұшырап, қарлы боранда құлап жатқан жерінен қырғыз азаматы Табайды құтқарып қалады, әрі қайын бикесі Жүзікке қосып, басына отау көтеріп береді. Бай балаларынан тепкі көрген Қали мен Айшаға да қорған болады. Қайын жұртының отбасын түгел өлтіріп, өртеп кеткен екі орыс Тазабекті ториды, тыныштық бермейді. Бәкен бастаған өз ауылындағы қазақтар да мұның үстінен арыз жазады. Сонымен, Тазабек амалсыздан кезінде үйін Тазабекке тастап көшіп кеткен орыс ағайыны Күбзевке келіп паналайды. Сол жерге ауылын түгел көшіріп әкеліп орнығады. Бала оқытады. Өз айналасындағы адамдарды тоған қазып, егін салуға жұмылдырады. Міне, осы тектес Тазабектің кісілік келбетін ашатын оқиғалар бұл бөлімде едауыр орын алады.

Шынын айту керек, «Кейін» деп аталатын бұл бөлімде қоғамдық-әлеуметтік жағдайдың шындығын ашатын күрделі сюжеттерге құрылған терең психологиялық суреттеулер жетпейді. Тазабектің басына жинақталған оқиғалар да «Жүрдім, бардым» жай баяндалған. Романның идеялық тақырыбын арқалаған ірі оқиғалар суреті бұл бөліммен біткен яғни роман аяқталуға тиіс. Алайда, жазушы Б. Нұржекеұлы көлхоздастыру мәселесі, ашаршылық көріністері, отан соғысы, Соғыстан соңғы жағдидар, Қазақстанның тәуелсіздік алуына дейінгі мәселелерді жалаң таныстырумен, үзік-үзік оқиғалармен «Сығымдап» мәлімет жасап баяндап шығады. «Түйін» аталатын бөлімін жазушы романның соңғы тарауы ретінде ұсынғанымен, романды тұтастыққа жеткізетін бір бүтін тұлғаға айнала алмаған. Тек романның прологі есебінде қызмет атқарып қалған. Жазушы роман «Түйініне» (прологқа) артық жүк артқан. Бұл романның заңдылықтарына, жанр табиғатына сай емес. Көркем сөздің жанрларының өз заңдылықтарын жазушы еркі бойынша өзгерте алмайды. Ұзақ әңгіменің бәрі роман емес. Жанр табиғатын тану — шеберліктің кілті, парасаттылықтың өлшемі. Шығарма көлеміне қарап жанрға бөлінбейді. Керсінше, жанрға сай детал, сюжет болады. Бейне Қытайдың танымалы жазушысы Лушүн айтқандай: «Үйректің аяғын созып ұзартуға, батпырауықтың құйырығын кесіп қысқартуға болмайды».

Жазушы көркем шығармасында көтерілетін тақырып, ірі қоғамдық-әлеуметтік мәселелер мен дәуірлік шындықтарды, өмірдегі қат-қабат драммалық тартыстарды жоталы характерлер арқылы көрсетуі тиіс [18, 167]. Айшықты образ, терең психологиялық талдаулар жоқ жерде жазушы жалаң тақырыппен жарқыратып ештеңе алып шыға алмайды. Сосын да жазушы бәкін-шүкін оқиғамен ұзақ изектеп баяндауға ұрынады. Шығарманың көркемдік тұтастығына, идеялық мақсатына тіке қызмет етпейтін яғни негізгі сюжетке орынды-орынсыз қосалқы сарындар қосып, кейіпкер қатысатын оқиғаны қолдан қоюлатудың керегі жоқ. Жазушы өзі суреттеп жазып отырған кезеңнің барлық шындығын қалдырмай айта алуы екіталай. Әрі солай істеймін деп шығармаға артық салмақ салып, заңдылыққа симас қадамға барудың қажеті де жоқ. Б. Нұржекеұлы бұл романында бір ғасырлық оқиғаны түгел қамтуға құлшынып, көп деректерді сыналап енгізген. Алайда, табиғи қажеттіліктен туып жатпайтын мұндай бөлек-бөлек оқиғаларды күшпен «Сығымдау» романның көркемдік құнын төмендетіп жібергені анық. Сол себепті де, романның соңы көркемдік шешіммен аяқтап,

тұтастық таба алмаған. Рас, жазушы роман соңғы шешімін баснан үркін, ашаршылық, халық жауы, соғыс секілді қилы кезеңді өткерген Шәйінің Қазақстанның тәуелсіздігін көріп, кезекті дүниенің таңы атқанына көзі жетіп көз жұмуымен аяқтайды. Бірақ, бұл романның табиғи шешімі емес, жазушының күштеп қистыруы, авторлық таныммен тындым табуы еді.

Қазақ романдарын мазмұн жағынан байыта түскен келелі бір тақырып – Соғыс мәселесі. Дүние жүзілік екінші соғыстағы ел үшін жан қиған жауынгерлердің ерлік істері мен соғыстың күллі адамзат баласына әкелген ауыр зардаптары қазақ әдебиетінде де үлкен орын алып, кең құлашты романдарды дүниеге әкелді. От қарумен ажал төккен бұл соғыс қазақ баласы көрген соғыстардан мүлде басқаша еді. Сол себепті де алғашында бұл тақырып қазақ жазушылары үшін айтқанда әрі бейтаныс, әрі қиын сезілді. Соғыс суреттерін жазуда қазақ жазушылары ең алдымен орыс әдебиетінен үйренді. Мәселен, дүние жүзілік екінші соғысты кең құлашты суреттеген орыс жазушыларынан Л. Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік», Н. Тихоновтың «Соғыс», М. Шолоховтың «Соғыс суреттері», В. Гроссманның «Ажалсыз халық», К. Симоновтің «Күндер мен түндер» [17,143], [20, 356], т. б. Романдары майдандағы Кеңес жауынгерлерінің жанкешті ерлігін көркемдік шындықпен кең суреттеп жазды. Отан үшін майданға аттанған ерлердің ерлік істерін суреттеу қазақ жазушыларының алдына да зор міндет қойды. Ғ. Мүсіреповтың «Қазақ солдаты», Ә. Нұрпейісовтің «Қурляндия», Т. Ахтановтың «Қаһарлы күндер», «Шырағың сөнбесін», Б. Момышұлының «Москва үшін шайқас» сынды кең құлашты эпикалық шығармалары осы ізденістің сәтті көріністері болып табылады. Әрине, бұл романдар дүние жүзілік соғыстың соңғы кездерінде жазылған болатын. Соғыстың күллі адамзат баласына әкелген ауыр зардаптарының әлі күнге жалғасып келе жатқанын суреттейтін шығармалар Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін де жарық көріп келеді. Мұның тийптік үлгісі ретінде Әкім Таразидың «жаза» [4, 345] атты романын атауға болады.

Ә. Таразидың «жаза» романы қазақ әдебиетінде соғыс тақырыбында жарық көрген ілгергі романдарға мүлде ұқсамайды. Онда майдан суреттері емес, соғыстың зардабы әкелген трагедиялық жағдайлар орын алады. Романның жазылу стилі дәстүрлі әдебиеттен бөлек, жасампаздық тәсілі де реализмдік қағидалардың ізінен шеткері, соны формаға ойысқанын байқатады. Соғыс зардабы тудырған осы бір трагедиялық жағдайлар жазушыны жаңаша тәсілге жетелеген сияқты. Жазушының өз туындысын Жапон жазушысының шығармасына телуі – дәстүрлі стильден арыла жазудың тәсілі еді. Роман кейіпкерлері де Жапон адамдарына аты бойынша беріледі. Бас кейіпкер Ауған соғысына қатысып, содан арылмас азапты ауыруды жұқтырып қайтқан Або, әйелі – Зоро, балалары – Бало мен Айно.

Жазушы Ә. Тарази «жаза» романының оқиғасын адам нанғысыз сұмдық трагедияларға құрады. Роман оқиғасы үш адамның белгісіз өлімінен басталады. Або күзетші болып істейтін бала бақша меңгерушісі Анна Андревна, аудандық оқу бөлімнің меңгерушісі Байбақ Малшыбаев және «пайдагер» Нұрдін Сайдов. Бұл өлтірілген адамдарға жанашырлық білдіріп, қаралы көңіл күй білдірген ешкім жоқ. «Шебер ақ, нағыз кәсіпқой жұмыс» – Абоньң өлген адам туралы түсінгі осы. Жазушы кейіпкер Абоньң жан дүниесіне барлау жасайды. Або сезімтал жан. Соғыс майданында күніне, сәт сайын қаншалаған адамдардың өлімін көзі көріп, адам өлтірудің де неше алуан түріне әбден төселген «Кәсіпқой адамға» айналған. Адам өлімі оған ешқандай әсер бермейтін, жан дүниесінен аяусыздық өшіп қасаңданған адамға ұқсайды. Бұл жағынан алғанда, Абоньң алғашқы үш адамның өлімін көргенде ««Өте шебер, кәсіпқой жұмыс» деп қолдан жасалған әлде бір затына разы болған жандай сүйіне қарайды. Абоньң отбасына қаратқан мінезінен, көзқарасынан оның келесі жарқын бетін байқағандай боламыз. Ол да қатардағы адамдардай бақтты өмірге құштар, бала-шағасына мейірбан. Алайда, Соғыстан жұқтырып келген жан төзгісіз арылмас азапты ауру өз басында ғана емес, балаларына да жұққан. Өкшеден бастап миына дейін ауыратын бұл науқастан балаларын

қалай құтқарарын білмейді. Або ұлы мен қызының «Папа, ау, папа, мама, құтқара гөр» деп шырқыраған дауысын естігенде не қыларын білмей, жынданған жанша көше безіп кетеді.

Або науқасы ұстағанда өзін өлтіріп жанын қинаған азаптан бір жола құтылғысы келеді. Бірақ, ол: «Арың қайда Або, арың қайда? жаның – арыңның садағасы емес пе еді?! ұлың мен қызыңды бұлай тастап кетуге болмайды. Обал! ұлың мен қызыңды мына қияметке тастап кетсең кім болғаның?» [4] деп балаларын ойлаған болады. Осы жерде Або «Ар», «Обал» деген сөздерді айтып, өзін мейірімді, кісілікті жан етіп көрсетеді. Шындығында, Абонның жүрегінде шым етер аяушылық, ар, обал деген ұғым жоқ. Ондай қасиеттерді соғыс әлдеқашан оның жан дүниесінен мүлде өшіріп тастаған. Жаны қиналғанда: «енді үш күн, тым құрыса екі таулік бере гөр жаратқан! ұлы мақсатымды орындағанша өлмей тұрайын» деп жалынады. Ол балаларын өлтіруді «ұлы мақсат» деп атайды. Өз балаларын өзі өлтіріп, өлімін өзгеге жабады. Романда осы науқасыпен бүкіл әулетімен құрып біткен басқа да жандар бар екені де ескертіледі: «Адам төзгісіз ауыр дертке шыдай алмай Мұрат асылып өлді. Ивановтың соңғы тәсілінен Мұраттың бар үйелмені «өкшем-ай, өкшем!» деп зар қаға бастайды. Қаралы үйдің ең соңғысы Айша тапа-тал түсте үйінің босағасына ілініп қалыпты» [4]. Бұлар соғыс әкелген тақсыреттер.

Жазушы романда бұл трагедиялардың себебі қайда жатыр? деген сұрау тастайды. Тіпті, Абонның өз перзенітерін өлтіруін де кіналамайды. Романда бас кейіпкер Або: «не жазып едім балаларыма дейін қарғысына қалып?» деп ақталады. Өзіне-өзі сұрақ қояды. Шешімі жоқ сұрақ: «Рас, екі жыл соғысқа қатыстым. Бірақ сонда барайыншы деп өзім сұранған жоқ едім ғой! рас, қолыма қару ұстадым, аттым, шаптым, сілтедім, жұдырық та жұмсадым. Бірақ соның бәрін тек қорғану үшін жасамадым ба? тек қорғану үшін! отан, отан демедік пе? борыш, міндет демедік пе?» [4]. Жазушы Абонның ауызына осындай сөз салып оны ақтағандай болады. Бар кінәні адамдарға айықпас дерт әкелген соғысқа артады. Күллі адамзат басына келетін трагедияның барлығын соғыс тудырады дегенді ишаралайды.

Зерттеу нәтижелері

«Ақбоз үй» трилогиясының кейіпкерлер образы дерлік 1-кітабында ақ тұлғаланып ашылып болады. 2-, 3-кітаптарында жазушы өзі суреттеп отырған кейіпкерлер тағдырының соңы қалай болғанын, немен тынғанын баяндайды. Әрине, бұл көркем шығарманың заңдылығы бойынша айтсақ та орынды жағдай. Өйткені, жазушы кейіпкер тағдырын өзінің собиективтік еркі бойынша шеше салмайды. Кейіпкер дегеніміз де адам. Ал адам тағдырын жазушы өз қалауы бойынша қалам ұшында ойнатып, қуыршаққа айналдыруға хақылы емес. Керсінше, өзі суреттеп отырған қоғамдық жағдайдың шындығына сәйкес кейіпкерлер тағдыры шешім табады. Сонымен бірге жазушы кейіпкердің жетегінде де кетіп қалмауы керек. «Ақбоз үй» романындағы кейіпкерлер тағдырының шынайы, сенімді болып шыққандығы жазушының осы қағидаларды әмәнда есте ұстағандығын көрсетеді.

Роман тілінде дәлдік, айшықтылық, құрылымында бір сөйлемін алып тастасаң қирап түсер бөлінбес бүтіндік бар. Әр адымын мүлт кетірмес кәнігілік, сабырға сықалған сырбаздық тұтас роман бойынан көрініс беріп, жазушы шығармашылық мәнерінің хас белгісіндей көңіл тартып, көз суырады. Жазушының тілдік қолданысындағы «стильдік бояулардың» [16] әсіресе романның 1-кітабында біршама мол орын алғандығы байқалады. Романда кейіпкерлер образын даралау, ауыл адамдарының нанымды бейнесін жасау үшін жазушы әдейі диалектизмдерді, көнерген сөздерді қолданғандығын көреміз. Мысалы, «кіспүріш», «керсолқылау», «ақжабын», «шыршыр жасау», «әбзаматта», «алағада», «жандығы» сияқты көнерген сөздер мен диалектизмдерді және «тақа», «асасы», «қасқайтты» секілді кейіпкер мінезін даралайтын сөз дағдыларын жазушы тарихи көркем туындының стильдік бояуын қалыңдату үшін арнайы қолданады. Жазушылардың көркем шығармаларда көнерген сөздер мен диалектизмдерді көптен қолдануы туралы танымалы тіл ғалымы

Р.Сыздықова «Функционалдық стильдердің айырым белгілері жайындағы пікірлер мен тұжырымдар» атты мақаласында: «тарихи романдарда көнерген сөздердің орын алуы жалпы көркем әдебиет үлгілерінің бәріне ортақ белгі емес, тарихи шығарманы әрлейтін стильдік бояуы деп тану қажет» [2] деп жазады. Бұл жерде жазушы С.Елубаев біріншіден, шығарманың стильдік ерекшеліктерін арттыра түсуді мақсат етсе; екіншіден, кейіпкерлердің образын айқындап, айшықтай түсу үшін қолданады.

Жазушы Ә. Тарази «жаза» романында бас кейіпкердің жан дүниесіне үңіле отырып психологиялық талдаулар жасайды. Абоның жан дүниесіндегі «Жаны ашу» сезімі тым өрескел жағдай. Қандай жағдайда да өз баласын өзі жауыздықпен балталап өлтіріп, оның қылмысын өзге артуды қалай түсінуге болады?! қолымен істеген сонша көп сұрқиялықтардан қашуы – Оны адамдық қатардан әлде қашан шығарып тастағанын аңғартпамай ма?! алайда, Або балаларын өлтірер алдында қақпа алдында кездескен бейтаныс екі жігітке: «Жігіттер, анау екі баланы аман алып қалыңдаршы! ол екеуін бүгін туған әкесі өлтіреді» дейді. Бұл оның жүрегінен туындаған әкелік шын сезім бе, әкелік мейірімнен туындаған шынайы сезім бе? түсініксіз. Або балаларын ешкім құтқара алмасын біледі. Балаларына төнген ажалды, жан төзгісіз азапты өзі басынан кешіріп жүр емес пе? ендеше, бұл оның соңғы сәттегі не істерін білмеген жан арпалысы ғана. Ол дүниеге кектенеді. Өз басына, семьясына ақырзаман әкелген соғысқа, бүкіл адамдарға кектенеді. Або аялдамада тұрған қалың адамға күйзеле қарап: «ылғи мүгедек! ылғи сорлы! шеттеріңнен қырып тастаса – обал жоқ сендерге!» дейді. Және де ол: «маған бұл қала не керек? маған бұл ел не керек? маған бұл планета не керек?» деп түңіледі. Отбасына қиямет әкелген бұл азапты мен жеке тартамын ба? бүкіл дүние өртеніп, ажал құшсада маған бәрібір дейтін егойстық пиғыл еді бұл. Бір жағынан, отбасының азапты ажалдың аузында шырылдап жатқанын көрген әке үшін бұл түсінікті жай. Қай ата-ана бауыр еті балаларының азаппен өлуін коргісі келеді дейсің?! тек, оқырманның қабылдай алмайтыны Абоның балаларын «Құтқару» жолы еді.

Қорытынды

Түйіндей айтқанда, С. Елубайдың «Ақ боз үй» трилогиясы қазақ тарихи романның сүбелі табысы ретінде бағаланатын құнды еңбек. Біз «Ақбоз үй» романынан Кеңестік жүйенің қазақ тарихына өшпестей жазып кеткен қара таңбасын танимыз. Өткенді білмей келешекке қол арту мүмкін емес. Тарихын, тегін білмегенді тексіздік жайлайды. Сондықтан да халықтың әр кезеңдегі тарихын танытатын көркем шығармалардың ролы әрқашан да төмен бағаланбауы керек. Осы жағынан келгенде, «Ақбоз үй» трилогиясы қазақ көркем әдебиетінің қазынасына қосылған кенеулі шығармалардың бірі екендігі шүбасыз.

«Әй, дүние-ай» романы Албан көтерілісі кезіндегі тарихи шындықтардан біраз деректер бере алған шығарма. Романның мемлекеттік сыйлыққа ие болуы да оның көтерген тақырыбының активалдығы мен деректерінің шынайылығынан еді. Қазақ тарихындағы маңызды тақырыпты нақты деректер арқылы суреттеп, көп сырдың бетін ашуымен роман әлі лайықты бағасын алады деп есептейміз.

«Жаза» романы жаңаша тәсіл, өзгеше оқиғаға құрылуымен де назар аударады. Роман аты да Симовлдық мәнде алынған. Бұл соғыстың, зұлымдықтың адамдарға жіберген жазасы. Қиянатпен күн кешкен азапта өледі дейтін философиялық идеяны аңғартады. Бас кейіпкер Абоның отбасына әкелген «Жаза» еш себеп-салдарсыз емес еді. Дүние де сұраусыз, себепсіз нәрсе болмақ емес. Адамзат өзі қолымен жасаған зұлымдықтың зардабын қашанда тартпай қоймайды. Әр күнә, әр қылмыс жазасыз, сұраусыз қалмайды. Романның алға қойған негізгі идеяларының бірі міне осындай.

Қорытып айтқанда, Қазақстан тәуелсіздік алып сөз еркіндігі тийгенінен кейін Кеңес тұсындағы тарихи шындықтар қайта қаралып, жазушылардың жан-жақты толық жазуына жол ашылды. Тыйым салынған Албан көтерілісі, ашаршылық қырғындары, Сталиндік

реперция, Қазақстандағы «Кіші октябрь» сияқты халық басына нәубет әкелген, қазақ тарихында елеулі тарихи маңыз алатын айтулы мәселелер тек Қазақстан тәуелсіздік алғанынан ғана жариялыққа шығуға мүмкіндік алды. Сонымен, қазақ әдебиетінде әлем жұртшылығы үшін маңызды да мәнді, бағалы рухани байлыққа айналған тамаша туындылар дүниеге келді. Ақиқат – ол да тереңге көмілген алтын сияқты. Күндердің күнінде жарқырап жарыққа шығады. Қазақ тарихындағы тарихи шындық, көлеңкелі тұстар қанша бүркемелегенмен ол жоғалып, санадан мүлде өшіп кеткен жоқ. Мезгілі келгенде, орайы пысып жеткенде бәрібір ашылатындығын айғақтады. Қазақ жазушылары осы ақтандақ беттерді толықтауға, ел тарихын ақиқат пшінде танытуға мүдделі болды. «Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымын тек Кеңес дәуірі, Кеңес тұсындағы әдебиетті ғана емес, қазақ әдебиетінің көне дәуірінен бүгінгі күнге дейінгі даму тарихын тұтас таразылап, түбегейлі бағалауға бет алып отыр. Кеңестік өмір шындықтарының Қазақстанның тәуелсіздік тұсында көркемдік пайымдау ерекшеліктерін тарихи ұстаным тұрғысынан таразылау да маңызды екендігі анық. Кеңес дәуіріндегі адам мен қоғам арақатынасы қазақ романында белгілі дәреже де көрініс тапқаны даусыз. Алайда қазақ халқы ақ патшаға, одан беріде Кеңес үкіметіне қараған замандарда адам мен қоғам басынан өткен оқиғалар өмірдің шындығының өз тереңдігі, өз кеңдігі деңгейінде көркем көрінісін тапты деуге ерте. Арғы дәуірді айтпағанның өзінде, Кеңес адамының қысқа ғұмырдағы бағы мен соры, қуанышы мен қайғысы, өмірінің нәрі мен өлімінің мәні, қаһармандық рухы мен трагедиялық тағдыры тиісті көркемдік және саяси-әлеуметтік деңгейде жинақталып болмағаны да тудырмауға тиісті» [17, 346].

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі, әдеби процесс жаңа көзқарастар аясында зерттеліп, соны тақырыптарды жаппай көтеруге бет алды. Бір ғасыр бойындағы яғни ХХ ғасырдағы тарихи оқиғалардың көркем прозаның өзекті тақырыбына айналғандығы да осы мәселені көрсетеді. Біз қарастырып отырған С.Елубайдың «Ақбоз үй», Б.Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай», Ә.Таразидің «жаза» романдары да жүйеден қазақ әдебиетінің келелі табысы ғана емес, Қазақстан тәуелсіздігінің де жемісі еді.

Әдебиет:

1. Айдарбаев Ж. Тұтқындар. - Алматы: Б.О.Ж, -2001. 520 б.
2. Елубай С. Жалған дүние (Роман-толғау). - Алматы: Қазығұрт, -2003. 158 б.
3. Еңсегенұлы Т. Тұтқын. - Алматы: Мерей, -2003. 336 б.
4. Елубаев С. Мінажат. - Алматы: Қазақстан, -1993. 256 б.
5. Сыматаев С. Елім-ай. Үшінші кітап.- Алматы: Қазығұрт, -2003. 750 б.
6. Досанов С. Тұйық. - Алматы: Арда, -2007. 608 б.
7. Досанов С. Жиырмасыншы ғасыр. - Алматы: Санат, -1998. 400 б.
8. Доспанбет Ұ. Жылусыз от. - Алматы: Сөздік-словарь, -2000.
9. Қожахметова М. Жантәсілім. - Алматы: Ана-тілі, -2001. 312 б.
10. Мұқай Б. Өмірзая. - Алматы: Жалын, -1998. 480 б.
11. Мұртаза Ш. Тамұқ. - Алматы: Қазақстан, -1994. 221 б.
12. Жұртбаев Т. Талқы. - Алматы: Қазақстан, -1997. 368 б.
13. Тілеуханов Т. Үш ұрпақ мұңы. - Алматы: Жазушы, -1996. 560 б.
14. 掏东风: 《文学理论基本问题》, 北京: 北京大学出版社, 2004 年版
15. 南帆: 《文学理论》, 北京: 北京大学出版社, 2008 年版
16. 孙绍振: 《文学创造论》, 沈阳: 春风文艺出版社, 1987 年版
17. 姜文振: 《中国文学理论现代性问题研究》, 北京: 人民文学出版社, 2005 年版
18. 罗根泽: 《中国文学批评史》, 上海书店, 2003 年版
19. 费鹏: 《新世纪长篇小说的历史现想象》, 吉林: 东北师范大学, 2019 年

20. 权绘锦: 《历史创伤与现实隐忧中的民族精魂》—评哈萨克斯坦作家热合木江·沃塔尔巴耶夫的中短篇小说, 伊宁: 伊犁师范学院学报(社会科学版), 2014年第3期

References:

1. Aidarbaev Zh. Tutqındar [Prisoners]. - Almaty: B.O.Zh, -2001. 520 p. (in kazakh)
2. Elubay S. Jalğan dünïe (Roman-tolğaw) [False world (Romance)]. - Almaty: Kazygurt, -2003. 158 p. (in kazakh)
3. Ensegenuly T. Tutqın [Prisoner]. - Almaty: Merey, -2003. 336 p. (in kazakh)
4. Elubaev S. Minajat [A prayer]. - Almaty: Kazakhstan, -1993. 256 p. (in Kaz)
5. Simataev S. Elim-ay [My country. The third book].- Almaty: Kazygurt, -2003. 750 p. (in kazakh)
6. Dosanov S. Tuyiq [Dead end]. - Almaty: Arda, -2007. 608 p. (in kazakh)
7. Dosanov S. Jürmasınşı ğasır [Twentieth century]. - Almaty: Sanat, -1998. 400 p. (in kazakh)
8. Dospanbet U. Jılwsız ot [Fire without heat]. - Almaty: Sozdik-slovar, -2000. (in kazakh)
9. Kozakhmetova M. Jantäsilim [Relative]. - Almaty: Ana-tili, -2001. 312 p. (in kazakh)
10. Mukai B. Ömirzaya [Lifetime]. - Almaty: Zalyn, -1998. 480 p. (in kazakh)
11. Murtaza Sh. Tamuq [Tamuk]. - Almaty: Kazakhstan, -1994. 221 p. (in kazakh)
12. Zhurtbaev T. Talqı [Talk]. - Almaty: Kazakhstan, -1997. 368 p. (in kazakh)
13. Tileukhanov T. Üş urpaq muñı [Three generations of grief]. - Almaty: Writer, -1996. 560 p. (in kazakh)
14. Draw Dongfeng: "Basic Issues in Literary Theory", Beijing: Peking University Press, 2004 edition. (in chinese)
15. Nan Fan: "Literary Theory", Beijing: Peking University Press, 2008 edition.(in chinese)
16. Sun Shaozhen: "On Literary Creation", Shenyang: Chunfeng Literature and Art Publishing House, 1987 edition. (in chinese)
17. Jiang Wenzhen: "Research on the Modernity of Chinese Literary Theory", Beijing: People's Literature Publishing House, 2005 edition. (in chinese)
18. Luo Genze: "History of Chinese Literary Criticism", Shanghai Bookstore, 2003 edition. (in chinese)
19. Fei Peng: "Historical Imagination of Novel in the New Century", Jilin: Northeast Normal University, 2019. (in chinese)
20. Quan Huijin: "The National Spirit in Historical Trauma and Reality's Hidden Concerns"—A review of the short stories and short stories of Kazakhstan writer Rehemujan Voltarbayev, Yining: Journal of Yili Normal University (Social Science Edition), Issue 3, 2014. (in chinese)

Кадыл Т.

*Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан
E-mail: taldaobek80@126.com*

СОВРЕМЕННЫЙ КАЗАХСКИЙ РОМАН: ЖИВОПИСЬ И ЭСТЕТИКА ХУДОЖЕСТВЕННОГО РЕШЕНИЯ XX ВЕКА

Аннотация. В статье рассматриваются репрезентации значимых исторических событий, связанных с историей Казахстана начала XX века, в художественной литературе и эстетика художественного решения. Основная цель исследовательской работы – изучение исторических романов, изданных после обретения независимости Казахстана, которые содержат такие события, как гонения, голод и колониальные грабежи, вызванные жестокой политикой советского правительства в начале XX века. Одновременно рассматривается проблема исторического познания и художественного решения в романах, основанных на

исторических событиях этого периода. Практическая значимость темы исследования состоит в том, что политика массового завоевания и зачистки русской колониальной казахской степи, а также перманентного изгнания проживающего там народа со своей земли началась в первой половине XIX века. В 20-е годы XX века такая абсурдная политика советской власти, как Октябрьская революция, «малый Октябрь» в Казахстане, искусственный голод под названием конфискация и массовая колхозизация, расправа над красными, стали Основа исторического романа. В то же время очень важно изучать романы, художественным языком описывающие эти значимые исторические события казахского народа. Задачей исследовательской работы является изучение исторических романов, разоблачающих злодеяния советской власти по отношению к казахскому народу. Во исполнение этого долга среди романов, поднимавших эту тему, анализируются трилогия С.Елубая «Акбоз уй», роман Бексултана Нуржекеулы «эй, дүние-ай» и роман А. Тарази «жаза». Метод исследования - назвать множество романов, разоблачающих преступления советской власти, проанализировать и обобщить их художественные достижения. Также в статье были использованы такие методы исследования, как анализ, сравнение и обсуждение. Новизна результата исследования заключается в том, что российский колониализм – это один из самых мрачных периодов жизни казахского народа, годы, полные страшных страданий, ставшие неизгладимой историей. Исторические романы, раскрывающие реальность этого жалкого положения народа, преступление этой рукотворной резни, глубоко анализируются в комплексном научном стиле с особой темой. А в статье также анализируются взаимоотношения и умения писателя в одностороннем принятии исторических знаний и художественного решения.

Ключевые слова: Казахский исторический роман начала XX века, русский колониализм, историческое знание, художественное решение, романы «Акбоз уй», «Эй, дүние-ай», «Жаза».

Kadyl T.

R. B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

E-mail: taldaobek80@126.com

MODERN KAZAKH NOVEL: PAINTING AND AESTHETICS OF ARTISTIC DECISION OF THE XX CENTURY

Abstract. The article examines representations of significant historical events related to the history of Kazakhstan at the beginning of the 20th century in fiction and the aesthetics of artistic decision. The main purpose of the research work is to study historical novels published after the independence of Kazakhstan, which contain events such as persecution, famine and colonial plunder caused by the brutal policies of the Soviet government in the early 20th century. At the same time, the problem of historical knowledge and artistic decision in novels based on historical events of this period is considered. The practical significance of the research topic is that the policy of mass conquest and cleansing of the Russian colonial Kazakh steppe, as well as the permanent expulsion of the people living there from their land, began in the first half of the 19th century. In the 20s of the twentieth century, such absurd policies of the Soviet government as the October Revolution, “Little October” in Kazakhstan, artificial famine called confiscation and mass collective farming, reprisals against the Reds, became the basis of the historical novel. At the same time, it is very important to study novels that describe these significant historical events of the Kazakh people in artistic language. The objective of the research work is to study historical novels that expose the atrocities of the Soviet regime against the Kazakh people. In fulfillment of this duty, among the novels that raised this topic, S. Elubay’s trilogy “Akboz uy”, Beksultan Nurzhekeuly’s

novel “ay, dunie-ay” and A. Tarazi’s novel “zhaza” are analyzed. The research method is to name many novels that expose the crimes of the Soviet regime, analyze and summarize their artistic achievements. The article also used research methods such as analysis, comparison and discussion. The novelty of the research result lies in the fact that Russian colonialism is one of the darkest periods in the life of the Kazakh people, years full of terrible suffering that have become indelible history. Historical novels that reveal the reality of this pitiful condition of the people, the crime of this man-made massacre, are deeply analyzed in a comprehensive scientific style with a special theme. And the article also analyzes the relationship and skills of the writer in the one-sided acceptance of historical knowledge and artistic decisions.

Key words: Kazakh historical novel of the early twentieth century, russian colonialism, historical knowledge, artistic decision, novels “Akboz uy”, “Ay, dunie-ay”, “Zhaza”.

Автор туралы мәлімет:

ҚадылТалдаубек

ғылыми қызметкер, PhD, Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Кадыл Талдаубек

научный сотрудник, PhD, Институт востоковедения имени Р.Б.Сулейменова КН МНВО РК, Алматы, Казахстан.

Information about authors:

Kadyl Taldaubek

Researcher, PhD, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies SC MSHE RK, Almaty, Kazakhstan.

*Келіп түсті 29 қараша 2023 жыл
Қабылданды 27 ақпан 2024 жыл*

Редакцияның мекен-жайы: 050100,
Қазақстан Республикасы, Алматық., Шевченко көшесі, 28
Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты «Қазақстан
шығыстануы» журналының редакциясы
Сайтқа сілтеме: <https://journal.shygystanu.kz/index.php/main>
Тел: 8 (727) 261 16 01. E-mail: kazvostok.jurnal@gmail.com

Журнал Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінде 2021 жылдың 16 тамызында тіркелген,
куәлік № KZ54VPY00039118
Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда,
міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.